

Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг және түзету жүргізу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 1 желтоқсандағы № 128 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 14-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг және түзету жүргізу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Стратегиялық талдау және даму департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы

А. Амрин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 1 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг және түзету жүргізу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг және түзету жүргізу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – МЖЖ) 14-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын (бұдан әрі – МЖЖ құжаттары) әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг және түзету жүргізу жөніндегі тәсілдерді ашып көрсетеді.

2. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлеуші мемлекеттік орган – МЖЖ құжатын әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган;

2) бірлесіп орындаушылар – МЖЖ құжаттарын әзірлеу және іске асыру бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын, өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері шегінде МЖЖ құжаттарында белгіленген мақсаттарға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу олардың қызметтеріне байланысты болатын орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдар;

3) декомпозиция – мақсаттарды, көрсеткіштерді, міндеттер мен іс-шараларды МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарынан МЖЖ-нің төмен тұрған құжаттарына бөлу немесе дәйекті көшіру процесі;

4) жоғары тұрған құжат – Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы (бұдан әрі – Ұлттық жоспар, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы);

5) жоспарлы кезең – МЖЖ тиісті құжаты әзірленетін кезең;

6) көрсеткіштер – нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері;

7) мақсат қою құжаттары – "Қазақстан – 2050" стратегиясы, Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы;

8) нысаналы индикатор – МЖЖ құжатының мақсатына қол жеткізуді сандық және сапалық өлшейтін көрсеткіш;

9) төмен тұрған құжат – мемлекеттік органның даму жоспары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары;

10) түйінді ұлттық индикатор – Ұлттық жоспардағы даму басымдықтарының мақсаттарына қол жеткізуді сипаттайтын көрсеткіш.

2-тарау. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің деректерін басқару

3. МЖЖ деректерін басқаруда деректерді басқару жөніндегі заңнамаға сәйкес деректерді айқындау, құру, жинау, жинақтау, сақтау, тарату, жою, қолдау, олардың талдамасын, сапасын, қолжетімділігін, қорғалуын қамтамасыз ету, салааралық үйлестіру көзделеді.

4. МЖЖ деректерін басқару МЖЖ құжаттарының деректерін жобалық басқарудың ақпараттық жүйесімен интеграцияланған мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесіне енгізу, енгізілетін деректерді қайта тексеру, оларды архивтеу және қатысушыларға МЖЖ-нің дәйекті деректерін бір рет беру және олардың бірнеше рет пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында оларға рұқсат беру жолымен қамтамасыз етіледі.

5. МЖЖ деректерінің сапасын қамтамасыз ету және айқындау Қазақстан Республикасының деректерді басқару жөніндегі және мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің процестерін басқару

6. МЖЖ процестерін басқару – оның құжаттарын әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу және түзету процестері кезіндегі мемлекеттік органдар қызметінің кешені.

7. Мемлекеттік органдар өз қызметін Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады, одан алынған деректер МЖЖ процестерін басқару кезінде негіз болып табылады.

1-параграф. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу процесі

8. МЖЖ құжаттарын әзірлеу процесі құжатқа бастама жасау, ағымдағы жағдайды талдау, даму сценарийлерін модельдеу, жобалау, пайымдауды қалыптастыру, басымдықтарды, мақсаттарды, міндеттер мен көрсеткіштерін, оларға қол жеткізу жолдарын айқындау, ресурстық қамтамасыз ету, коммуникацияларды құру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісу, бекіту және жариялау кезеңдерінен тұрады.

9. Бастама жасау кезеңінде әзірлеуші мемлекеттік органдар мақсат қою құжаттарында және МЖЖ жоғары тұрған құжаттарында белгіленген міндеттерді шешу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша МЖЖ құжатын әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастырады.

10. Ағымдағы жағдайды талдау кезеңінде:

1) ішкі және сыртқы ортадағы процестер мен үрдістер;

2) елдің (белгілі бір саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) дамуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлар;

3) елдің (белгілі бір саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) даму мүмкіндіктері мен ықтимал қауіптері;

4) елдің (белгілі бір саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) одан әрі дамуы үшін шешілуі тиіс проблемалар анықталады.

11. Талдау жүргізу үшін елдегі (белгілі бір саладағы/қызмет аясындағы, тиісті аумақтағы) жағдай және ықтимал сыртқы тәуекелдер туралы ақпаратты жинау және құрылымдау жүзеге асырылады.

12. Мыналар талдауға арналған ақпарат көздері болып табылады:

1) ресми статистикалық ақпарат, мемлекеттік органдардың әкімшілік деректері;

2) сыртқы көздерден ақпарат;

3) атқарушы және заң шығарушы билік өкілдерімен, кәсіпкерлік субъектілерімен, ғылыми жұртшылық өкілдерімен тәуелсіз сарапшылармен сұхбаттар;

4) халықтың қалауын анықтау үшін халық арасында, оның ішінде интернет-технологияларды пайдалану арқылы пікіртерім (сауалнама) жүргізу;

5) МЖЖ құжаттарын, өзге де жоспарлау құжаттарын іске асыру туралы есептер мен қорытындылар, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілетін олардың қоғамдық мониторингінің нәтижелері.

13. Дамудың сыртқы факторларына ел (белгілі бір сала/қызмет аясы, тиісті аумақ) үшін өзекті, оның ішінде саудадағы негізгі әріптес мемлекеттердегі жаһандық әлемдік үдерістер жатады.

14. Дамудың ішкі факторларына елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, табиғи-климаттық жағдайлары және ғылыми-технологиялық даму деңгейі жатады.

15. Талдау жүргізу кезінде әдістердің бірі ретінде SWOT-талдау пайдаланылады.

SWOT-талдау деректері бойынша артықшылықтар мен кемшіліктер, қолайлы мүмкіндіктер мен ықтимал қауіптер арасында байланыс орнатылады.

Елдің (белгілі бір саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) дамуына ықпал ететін мықты тұстар және елдің (белгілі бір саланың/ қызмет аясының, тиісті аумақтың) дамуын тежейтін және (немесе) оның дамуына теріс әсер ететін әлсіз тұстар ел (белгілі бір сала/қызмет аясы, тиісті аумақ) дамуының ішкі аспектілері болып табылады.

Елдің (белгілі саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) дамуына оң ықпал ететін мүмкіндіктер мен сыртқы ортаның сипаттамаларына байланысты оның дамуына теріс ықпал ететін және елдің (белгілі бір саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) даму ықпалына бағынбайтын қауіптер сыртқы аспектілер болып табылады.

16. Талдау жүргізу нәтижесінде негізгі проблемаларды, олардың себеп-салдарлық байланыстарын, олардан туындайтын салдарларды айқындау жүзеге асырылады.

17. Негізгі проблемалар анықталғаннан кейін экономикалық, математикалық тәсілдерді, әдістер мен құралдарды, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жасауда қолданылатын құралдарды, сондай-ақ компьютерлік модельдеуді, сараптамалық бағалауды және сауалнамаларды пайдалана отырып, модельдеу және болжау жүргізіледі.

18. Модельдеу деректерінің негізінде ең тиімді басқару шешімдерін әзірлеу мақсатында ықтимал даму сценарийлерін жобалау жүргізіледі.

19. Әзірленетін МЖЖ құжаттары ел дамуының және тиісті МЖЖ құжатының пайымын тұжырымдау, басымдықтарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындау, оларға қол жеткізу жөніндегі шаралар, мына талаптарға сәйкес ресурстық қамтамасыз ету арқылы белгіленген проблемаларды шешуге шоғырландырылады:

1) таңдалған мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, күтілетін нәтижелердің (аралық және түпкілікті) негізділігі мен шынайылығы;

2) тұрақты жұмыс орындарына басымдық беретін жұмыс орындарын құру, инвестициялар тарту, адами капиталды дамыту, жасанды интеллект пен цифрлық трансформацияны енгізу, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқалары сияқты халықтың өмір сүру сапасын, әл-ауқаты мен әлеуметтік саламааттылығын арттыруға бағытталған көрсеткіштерді, іс-шараларды қосу;

3) ұсынылатын іс-шаралардың құжаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталуы;

4) көрсеткіштерге қол жеткізудің нақты мерзімдерін белгілеу;

5) құжатты іске асыру үшін қаржы-экономикалық (оның ішінде бюджеттен тыс), материалдық-техникалық, еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету.

20. SWOT-талдау нәтижелері, сондай-ақ мақсат қою құжаттарында және МЖЖ жоғары тұрған құжаттарында белгіленетін ел дамуының стратегиялық бағдарлары ескеріле отырып, негізгі проблемалар бойынша тиісті мақсаттар қалыптастырылады.

21. МЖЖ құжаттарындағы мақсаттар ретінде қол жеткізілуі МЖЖ тиісті құжатын іске асыруды қамтамасыз ететін жоспарлы кезеңнің соңына қарай елдің (белгілі бір саланың/қызмет аясының, тиісті аумақтың) күтілетін болашақ жай-күйі айқындалады.

22. Мақсаттың тұжырымы қысқаша және анық жазылады және онда мыналар:

еркін немесе әртүрлі түсінуге жол беретін терминдер, ұғымдар мен тіркестер;

мақсатқа жету жолдарының, құралдары мен әдістерінің сипаттамасы қамтылмайды.

23. Мақсаттарды айқындау кезінде жалпыға ортақ қабылданған мынадай SMART өлшемшарттарын басшылыққа алу қажет:

- 1) нақтылық – мақсаттың екіұшты түсіндіру мүмкіндігінсіз тұжырымдалуы;
- 2) өлшемділік – мақсатқа жету сандық шамасы бар нысаналы индикатордың көмегімен өлшенеді;
- 3) қолжетімділік – жоспарлы кезеңде мақсаттарға қол жеткізуге болады;
- 4) релеванттылық – мақсаттың өзектілігі және оның мақсат қою құжаттары мен МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының мақсаттарына сәйкестігі;
- 5) уақыт шектеулігі – белгілі бір мерзімде мақсатқа қол жеткізу.

24. Әрбір мақсатқа қол жеткізу дәрежесін айқындау үшін аралық және түпкілікті мәндері бар бір немесе бірнеше нысаналы индикатор сәйкес келеді.

25. Нысаналы индикатордың сандық тұсы мақсатқа қол жеткізудің өлшенетін, абсолютті немесе салыстырмалы шамасын, ал сапалық тұсы – тиісті саладағы/қызмет аясындағы өзгерістер динамикасын көрсетеді.

26. Мақсатқа, нысаналы индикаторға қол жеткізу нақты міндеттерді, шараларды, іс-қимылдарды және (немесе) жобаларды шешумен (орындаумен) қамтамасыз етіледі және көлемі мен көздері бойынша әртүрлі ресурстар мен шығындарды талап етеді.

27. Мақсатқа жету үшін орындалатын негізгі шарттар, әрекеттер жиынтығы міндеттер болып табылады.

28. Мақсаттар үшін ең маңызды міндеттердің қажетті саны тұжырымдалады, олар жиынтықта тиісті мақсатқа жету үшін қызметтің барлық бағыттарын қамтиды.

29. Әр мақсат бойынша міндеттер жиынтығы мынадай өлшемшарттарға сәйкес келеді:

- 1) қажеттілік – қойылған міндеттерге қол жеткізу қажетті шарт болып табылады;
- 2) жеткіліктілік – барлық міндеттерді шешу қойылған мақсаттарға жетудің жеткілікті шарты болып табылады;
- 3) өзектілік – қойылған міндеттердің маңыздылығы барлық жоспарланған кезең ішінде сақталады.

30. Міндеттердің әрқайсысын іске асыру мерзімдері тиісті мақсатқа қол жеткізу мерзімінен аспайды.

31. Әрбір міндет есептердің шешілу дәрежесін сипаттайтын нәтижелердің сандық өлшенетін көрсеткіштерін (аралық және түпкілікті мәндермен) қамтиды.

32. Келтірілген нәтижелер көрсеткіштері бойынша осы көрсеткіш мәніне қол жеткізу үшін базалық (бастапқы) және жоспарланатын мән, сондай-ақ уақыт кезеңінің (жылдың) белгіленуі көрсетіледі.

33. Міндеттерге және оның көрсеткіштеріне декомпозиция мақсаттарға қатысты қолданылады, оларға қол жеткізу бірнеше мемлекеттік органның, өңірлердің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне және (немесе) ықпал етудің кешенді бірнеше тәсілдерін (тетіктерін) қолдануға (институционалдық шаралар,

бюджеттік қаржыландыру, жеке сектордың қатысуын ынталандыру, басқа да көздерді тарту) байланысты болады.

Егер мақсат пен оған қол жеткізу шаралары нақты болса, мақсатты, міндеттер мен нәтиже көрсеткіштеріне нысаналы индикаторларды декомпозициялау талап етілмейді.

34. Мақсатты декомпозициялау кезінде нысаналы индикаторлар мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

1) қол жеткізуді мемлекеттік орган қамтамасыз ететін және оның қызметіне және бюджет қаражатына байланысты нысаналы индикаторлар;

Мысалы: "АӨК-тегі қайта өңделген өнімнің үлесі", "Сырқаттанушылықтың төмендеуі";

2) қол жеткізуді бірнеше мемлекеттік орган, өңірлер және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілері ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде қамтамасыз ететін және бюджет қаражатына тәуелді нысаналы индикаторлар;

Мысалы: "Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітім", "Табиғи монополиялар субъектілері реттейтін жылу-сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу деңгейі";

3) қол жеткізу ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде бірнеше мемлекеттік органның, өңірлердің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне байланысты болатын және тиісті мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларымен өзара байланыстыруды талап етпейтін макроиндикаторлар.

Мысалы: "Жан басына шаққандағы ЖІӨ", "Еңбек өнімділігінің жинақталған өсу индексі", "Экономиканың нақты өсу қарқыны", "Күтілетін өмір сүру ұзақтығы", "Жұмыссыздық деңгейі".

35. Нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері мынадай өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан қаралады:

1) оларды жоспарланған кезеңдегі динамикада салыстыру мүмкіндігі;

2) пайдаланушылар үшін бірдей түсініктілігі;

3) оларға қол жеткізуді бағалау үшін ақпараттық және техникалық ресурстардың жеткіліктілігі;

4) тұтастай алғанда сипаттаманың толықтығы мен орындылығы;

5) қолжетімділік және өлшемділік;

6) оңтайлы саны және мақсатқа жетудің ашып жазылуы;

7) мониторинг жүргізу және аралық мәндерге қол жеткізуді бағалау үшін аралық мәндердің болуы;

8) жоғары тұрған көрсеткішке қол жеткізуге бағытталуы;

9) саланың (аяның) және тиісті аумақтың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттары ескерілген кешенді сипаттамасы;

10) түйінді өзгерістерге, анықталған проблемаларды шешуге және (немесе) игілік алушылардың қажеттіліктеріне бағытталуы.

36. Әрбір нысаналы индикатор, бар болған жағдайда нәтиже көрсеткіші үшін ақпарат көздері және деректерді жинау құралдары айқындалады.

37. Таңдалған нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері бойынша осы көрсеткішті бағалау (болжамдау) есеп-қисабы көрсетілген есептеу әдістемесі (формула) әзірленеді.

38. Нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері бойынша қол жеткізуге жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері айқындалады.

39. Нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесін әзірлеуші мемлекеттік орган осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖЖ құжатының жобасымен қатар әзірлейді.

40. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6394 болып тіркелген) Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары шеңберінде әзірлеуші орган әзірлеген және бекіткен әкімшілік көрсеткіштерді есептеу әдістемелеріне сәйкес есептелетін нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері бойынша әдістемелерді әзірлеу талап етілмейді.

41. Әзірлеуші мемлекеттік орган МЖЖ тиісті құжаты бекітілген күннен бастап бір ай мерзімінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен МЖЖ құжаттарының нысаналы индикаторларын, нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесін бекітуді және оны өз интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етеді.

42. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік статистика саласында уәкілетті органдар МЖЖ құжаттарының нысаналы индикаторларын, нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемелерінің жобасын келісуге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

43. МЖЖ құжатының түріне байланысты МЖЖ құжаттарын келісу, бекіту және жариялау тәртібі және мерзімдері тиісінше осы Әдістеменің 4, 5, 6 және 7-тарауларында көрсетілген.

2-параграф. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру

44. МЖЖ құжаттарында қойылған мақсаттарға, міндеттерге және көрсеткіштерге (аралық және түпкілікті) қол жеткізу, жоспарланған шараларды, іс-қимылдарды, жобаларды орындау процесі іске асыру болып табылады.

45. Іске асыруды басқару жобалауды, жобалық басқаруды қолдануды, коммуникациялар құруды, құжаттарды уақтылы және сапалы іске асыруды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқару жүйесін және ден қою тетіктерін іске асыруға

бағытталған шараларды қабылдай отырып, жедел мониторингті жүзеге асыруды көздейді.

46. МЖЖ құжаттарын іске асыру кезінде:

ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы келісушілік;

қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуды ескере отырып, жоспарланған шараларды іске асыру;

ғылыми әлеуетті тарта отырып, төтенше жағдайлардың ықтимал тәуекелдерін болжау және бағалау;

оны іске асыруға қатысушылардың әлеуметтік жауапкершілікті сақтауы;

ресурстардың ең аз шығынымен берілген нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлану;

қаржылай, еңбек және басқа ресурстардың теңгерімділігі қамтамасыз етіледі.

47. МЖЖ құжаттарын іске асырудың негізгі құралдары:

1) ресурстармен қамтамасыз ету (қаржылық, материалдық-техникалық, еңбек);

2) ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

3) тәуекелдерді талдау және басқару болып табылады.

48. МЖЖ құжаттарын қаржыландыру көздері:

1) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты;

2) мемлекеттік қарыздар;

3) мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар;

4) тікелей шетелдік және отандық инвестициялар;

5) халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе донор елдердің гранттары;

6) екінші деңгейдегі банктердің кредиттері;

7) ұйымдардың меншікті қаражаты;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер болып табылады.

49. МЖЖ құжаттарын қаржыландырудың қажетті көлемі Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, республикалық және жергілікті бюджеттердің жоспарлы кезеңге арналған параметрлерін, халықаралық шарттар мен қабылданған міндеттемелер бойынша құжаттарды ескере отырып айқындалады.

50. Жоспарлы кезеңге арналған МЖЖ құжаттарының мақсаттарына, міндеттеріне және көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті бюджет қаражатын бөлу республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру процесінде жүзеге асырылады.

51. МЖЖ құжаттарының көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес өзінің бюджеттік

бағдарламаларында даму жоспарында қойылған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға және жоспарланған түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті қаражатты көздейді.

52. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл МЖЖ құжаттарында жоспарланған мақсаттарға, міндеттерге, көрсеткіштерге қол жеткізуді және маңызды әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және өзге де проблемаларды шешуді қамтамасыз ету мақсатында МЖЖ құжаттарын іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары және басқа да ұйымдар арасындағы конструктивті өзара іс-қимылды жолға қоюдан тұрады.

53. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) МЖЖ құжаттарын іске асыру процесінде орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар мен квазимемлекеттік сектор іс-қимылдарының келісілуі ;

2) өзара іс-қимыл жасайтын әрбір тараптың проблемаларды шешу және нәтижелерге қол жеткізу жолдарын іздестіруге мүдделілігі;

3) маңызды проблемаларды тиімді еңсеру үшін әрбір тараптың күш-жігері мен мүмкіндіктерін біріктіру;

4) даулы мәселелерді шешуде МЖЖ құжаттарын іске асыруға қатысушылар арасындағы конструктивті ынтымақтастық;

5) мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының мақсаттар, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқарушылық шешімдер қабылдағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жеке жауапкершілігі.

54. МЖЖ құжаттарын іске асыру кезінде тәуекелдерді анықтау мен талдауға, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға ерекше назар аударылады.

55. МЖЖ құжаттарын іске асыру кезінде жауапты мемлекеттік органдар мен бірлесіп орындаушылар, жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган өз өкілеттіктері шегінде:

1) тәуекелдерге талдау жүргізеді – МЖЖ құжаттарының іске асырылу барысына әсер ететін және жоспарланған мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізуге кедергі келтіретін ықтимал тәуекелдерді қадағалайды;

2) тәуекелдерді басқарады – жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу ықтималдығы немесе тәуекелі басталған жағдайда қажетті іс-шараларды (оның ішінде бұрын жоспарланғандарын) жүзеге асырады.

56. Басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді басқару процесінің негізгі мақсаты – тәуекелдердің әсер ету дәрежесін төмендету арқылы мақсатқа,

міндеттерге және көрсеткіштерге, жалпы алғанда МЖЖ құжаттарының іске асырылуына табысты қол жеткізу ықтималдығын ұлғайту. Тәуекелдерді басқару процесі қажетті және уақтылы шешімдер қабылдаумен байланысты.

57. Жобаларды іске асыру Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

58. Тәуекелдерді басқару мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты орган қабылдайтын іс-қимылдарды қамтиды.

3-параграф. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын мониторингілеу

59. Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінің деректері, сондай-ақ жобалық басқару туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырылатын ақпарат (бұдан әрі – жобалық басқару мониторингінің нәтижелері) ескеріле отырып, МЖЖ құжаттарының іске асырылу барысы туралы есептерді және басқа да ақпаратты жинау, жүйелеу, талдау және қорыту процесі мониторинг болып табылады.

60. МЖЖ құжаттарының мониторингі МЖЖ уәкілетті мемлекеттік органдар және мемлекеттік аудит туралы заңнамамен жүргізілетін МЖЖ құжаттарының (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжаттарды қоспағанда) іске асырылу барысын бағалауды көздейді.

61. Мониторинг процесін басқару МЖЖ құжаттарының іске асырылуы бойынша қажетті анық және дұрыс деректерді қалыптастыру/алу жөніндегі жұмыстарды жүргізуді көздейді.

62. МЖЖ құжаттарына мониторинг жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты, мемлекеттік органдардың әкімшілік деректері;

2) халықаралық статистика, оның ішінде халықаралық рейтингтер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарының нәтижелері;

3) төмен тұрған деңгейдегі МЖЖ құжаттарын мониторингтеудің қорытындылары, оның ішінде жобалық басқару мониторингінің нәтижелері;

4) бюджеттердің атқарылуы туралы есептер, сондай-ақ оларға мемлекеттік аудит органдарының қорытындылары;

5) тәуелсіз сарапшылардың қорытындылары;

6) қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ақпарат (болған жағдайда);

7) әлеуметтік зерттеулер, сауалнамалар;

8) басқа көздер болып табылады.

63. МЖЖ құжаттарының мониторингі Мемлекеттік жоспарлау ақпараттық жүйесінің деректерін, қоғамдық бақылау туралы заңнамаға сәйкес тәуелсіз сарапшылар мен қоғамдық ұйымдар жүргізетін қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ақпарат, сондай-ақ:

ресурстардың пайдаланылуын;

жоспарланған іс-шаралардың орындалуын;

жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізуді және оларға қол жеткізбеу тәуекелдерін анықтауды зерделеу және талдау үшін ақпарат жинау арқылы жобалық басқаруды мониторингтеу нәтижелері ескеріліп, жүзеге асырылады.

64. Мониторинг нәтижелері осы Әдістеменің 4, 5, 6 және 7-тарауларында МЖЖ құжатының түріне қарай көзделген тәртіппен МЖЖ құжатының іске асырылуы туралы есебі түрінде ресімделеді.

65. МЖЖ құжатын іске асыру мерзімі аяқталғаннан кейін құжаттың іске асырылуы туралы қорытынды есеп дайындалады, ол құжаттың қолданылуының соңғы жылындағы іске асыру жөніндегі ақпаратты және МЖЖ құжатының барлық қолданылу кезеңіндегі жалпыланған ақпаратты қамтиды.

66. Бірінші басшының қолы қойылған МЖЖ құжатын іске асыру туралы есеп құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдалануға арналған ақпаратты қоспағанда, электрондық түрде Мемлекеттік жоспарлау ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады, іске асыру туралы есепті қалыптастыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

67. Құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдалануға арналған ақпаратты қамтитын МЖЖ құжатының іске асырылуы туралы есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес ұсынылады.

68. МЖЖ құжаттарын іске асыру туралы есептер құжатты іске асырудың бүкіл кезеңінде мемлекеттік органның интернет-ресурсында болады.

69. МЖЖ-мен және осы Әдістемеде айқындалған әзірлеуші мемлекеттік органдар, бірлесіп орындаушылар және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар МЖЖ құжаттарының мониторингі мен мониторинг нәтижелерін жүргізу үшін оларды орналастыру мен есептілікті ұсынудың толықтығын, сапасын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз етеді.

4-параграф. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын түзету

70. Іске асыру процесінде МЖЖ құжаттары МЖЖ-ның 46, 65 және 78-тармақтарында және осы Әдістемеде белгіленген жағдайларда өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, мониторинг нәтижелерін ескере отырып, түзетілуі мүмкін.

71. Әзірлеу процесі үшін белгіленген талаптар ескеріле отырып, МЖЖ құжаттарын түзету жүзеге асырылады.

72. МЖЖ құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде құжаттың жобасына осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша салыстырма кесте қоса беріледі.

73. МЖЖ құжаттарын іске асырудың соңғы жылында мақсаттарды, міндеттерді, нысаналы индикаторларды және нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) түзетуге жол берілмейді.

74. МЖЖ құжаттарын сапасыз жоспарлау және іске асыру, қойылған мақсаттары мен міндеттеріне, түйінді ұлттық индикаторларына, нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

4-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары

75. Ұлттық жоспар мақсат қою құжаттарының, Қазақстан Республикасының Ұзақмерзімді даму болжамының негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Сайлауалды бағдарламасының ережелері ескеріле отырып әзірленеді және тиісті жоспарлы кезеңде ел дамуының ұзақ мерзімді бағдарларына қол жеткізуге бағытталған мақсатты, негізгі қағидаттарды, бағыттарды және ел дамуының түйінді ұлттық индикаторларды көздейді.

76. Жоспарлы кезеңге арналған Ұлттық жоспардың жобасын әзірлеуді стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қолданыстағы Ұлттық жоспар аяқталған жылы мүдделі органдар мен ұйымдардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарының негізінде жүзеге асырады.

77. Мемлекеттік органдар қолданыстағы Ұлттық жоспарды іске асыру аяқталған жылғы 1-сәуірден кешіктірмей Ұлттық жоспардың жобасына ұсыныстарды стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

78. Ұлттық жоспар МЖЖ-нің 34-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

79. Ұлттық жоспар мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) кіріспе;
- 2) іске асырудың негізгі қағидаттары;
- 3) негізгі даму бағыттары;
- 4) Түйінді ұлттық индикаторлар картасы (қосымша түрінде).

80. "Кіріспе" бөлімінде алдағы жоспарлы кезеңге арналған Ұлттық жоспардың мақсаты, әзірлеу негіздемесі және қысқаша түйіндемесі көрсетіледі.

81. "Іске асырудың негізгі қағидаттары" бөлімі Ұлттық жоспардың орта мерзімді пайымының құнды бағдарларын көрсететін және даму басымдықтарында және күтілетін нәтижелерде көрінетін даму қағидаттарын қамтиды.

82. "Негізгі даму бағыттары" бөлімінде қызметтің салалары/аялары бойынша ағымдағы ахуалды талдау, даму басымдықтары мен күтілетін нәтижелер, міндеттер және тәсілдер қамтылады.

83. Дамудың басымдықтарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындау осы Әдістеменің 3-тарауының ережелері ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

84. "Түйінді ұлттық индикаторлар картасы" бөлімі іске асырудың әрбір жылы бойынша көрсеткіштердің аралық мәндеріне бөле отырып, тиісті стратегиялық бағыттар бойынша түйінді ұлттық индикаторлардың тізбесін қамтиды.

85. Түйінді ұлттық индикаторлар мәндері, жылдары, қол жеткізу мерзімдері бойынша теңдестірілген және өзара байланысты болуы тиіс.

86. Түйінді ұлттық индикаторларда басым бағыттар бойынша Ұлттық жоспарды іске асырудың әр жылындағы елдің даму параметрлері айқындалады және мақсат қою құжаттарында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі жалпы елдегі прогресс деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

87. Қолданылатын дереккөздер және (немесе) Түйінді ұлттық индикаторлар картасы индикаторларының тиісті есептеу әдістемелері мемлекеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

88. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мүдделі органдармен келісілген Ұлттық жоспардың жобасын қалыптастырады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының қарауына енгізеді.

89. Ұлттық жоспардың жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілгеннен кейін, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуі үшін стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган енгізеді.

90. Ұлттық жоспарды іске асыру декомпозицияланған түйінді ұлттық индикаторларды көздейтін мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

91. МЖЖ-нің 36, 37 және 38-тармақтарына сәйкес Декомпозиция әдісінде орындалуы нәтижесінде Ұлттық даму жоспарында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың белгіленген міндеттер мен түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуі күтілетін нақты нысаналы индикаторлар мен іс-шараларды/жобаларды қалыптастыру көзделеді.

92. Түйінді ұлттық индикаторлардың декомпозициясын Ұлттық жоспар бекітілгеннен кейін үш ай мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруімен мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

93. Қажет болған жағдайда мемлекеттік органдар тиісті қызмет саласының/аясының сараптамалық топтарын, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін декомпозицияға тарта алады.

94. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар стратегиялық бағыттар мен Түйінді ұлттық индикаторлар картасына қарап оларға қол жеткізу үшін нақты мақсаттарды, нысаналы индикаторларды және ұсынылатын іс-шараларды/ жобаларды қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға:

1) осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түйінді ұлттық индикаторлар бөлінісіндегі мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың/ жобалардың және болған жағдайда міндеттер және нәтижелер көрсеткіштерінің тізбесін;

2) жылдар бойынша нысаналы индикаторлардың мәндері, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) есеп-қисабының формулаларын;

3) ресурстардың (еңбек, қаржылық, материалдық-техникалық, бюджеттік) болжамды қажеттілігінің есеп-қисаптары мен негіздемелерін жолдайды.

95. Стратегиялық мақсат, түйінді ұлттық индикатор нақты және оларды одан әрі бөлу орынды болмаған жағдайларда нысаналы индикатордың атауы осы түйінді ұлттық индикатордың атауын қайталайды.

Мысалы: "Суармалы егіншілікте су үнемдеу технологияларын енгізу есебінен суаратын суды үнемдеу", "Су тасымалдау арналары арқылы ауыл шаруашылығындағы су шығынының деңгейі".

Декомпозиция ұсынылатын шаралар, іс-қимылдар және (немесе) жобалар деңгейіне дейін жүзеге асырылады және олардың іске асырылуынан күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

96. Орталық мемлекеттік органның жергілікті деңгейде қол жеткізуді қамтамасыз етуі жоспарланатын нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) қосуы осы ұсыныстарды мүдделі жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша жүзеге асырылады.

97. Орталық мемлекеттік органдардың облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дамыту жоспарына МЖЖ-нің жоғары тұрған құжатында тиісті өңірге бекітілмеген және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне тәуелді емес көрсеткіштерді енгізуіне бастама жасауына жол берілмейді.

98. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның декомпозицияланатын нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда), іс-шараларды/жобаларды қарауы мынадай:

түйінді ұлттық индикаторға қол жеткізуге бағытталуы;

ресурстық қамтамасыз етілуі;

белгіленген мерзімдегі шынайылығы мен қолжетімділігі;

көрсеткіштердің, іс-шаралардың/жобалардың бір-бірімен үйлесімділігі;

ұсынылған нысаналы индикатордың, нәтижелер көрсеткішінің (болған жағдайда) қойылған стратегиялық мақсатты/міндетті шешуге әсер ету дәрежесі өлшемшарттарына сәйкестігіне қарай жүргізіледі.

99. Мемлекеттік органдардың декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда), іс-шаралардың/жобалардың түпкілікті тізбесін айқындау қорытындылары бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түйінді ұлттық индикаторлар бөлінісінде Декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда), іс-шаралардың/жобалардың жиынтық тізбесін қалыптастырады.

100. Декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда), іс-шаралардың/жобалардың жиынтық тізбесі мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының шешімімен бекітіледі және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде орналастырады.

101. Мемлекеттік органдар арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган өзара қолайлы шешім іздеу мақсатында оларды мүдделі мемлекеттік органдармен талқылауды қамтамасыз етеді.

102. Өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде келіспеушіліктер мәселенің мәні бойынша нақты шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарымен өтетін кеңесте қаралады.

103. Мемлекеттік органдар МЖЖ-ның 24-тармағына сәйкес Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде орналастыра отырып, мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының жобаларына декомпозицияланған нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда), іс-шараларды/жобаларды және (немесе) оларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын қосады.

104. Декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда), іс-шаралардың/жобалардың тізбесі мынадай:

1) Ұлттық жоспардың және (немесе) Түйінді ұлттық индикаторлар картасының түзетілуі;

2) мемлекеттік органдар функцияларының, құрылымының өзгеруі немесе әкімшілік-аумақтық құрылымының өзгеруі;

3) түйінді ұлттық индикаторлар мен декомпозицияланған нысаналы индикаторларға, нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында даму жоспарларында көзделген іс-шараларды/жобаларды өзектілендіру жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары жағдайларында түзетілуі мүмкін.

105. Ұлттық жоспар және (немесе) Түйінді ұлттық индикаторлар картасы түзетілген жағдайда, декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің

(болған жағдайда), іс-шаралардың/жобалардың тізбесін қайта қарау бекітілген өзгерістер мен толықтырулар бөлігінде жүзеге асырылады.

106. Мемлекеттік органдардың функциялары, құрылымы өзгерген немесе әкімшілік-аумақтық құрылымы өзгерген жағдайларда, екі ай ішінде жаңадан құрылатын және (немесе) қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдардың және (немесе) әкімшілік-аумақтық бірліктердің даму жоспарларына түйінді ұлттық индикаторлар декомпозициясы қайта қаралады.

107. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары бойынша түйінді ұлттық индикаторлардың декомпозициясын қайта қарау осы тапсырмалар шеңберінде белгіленген мерзімдерде жоспарланған іс-шараларды/жобаларды өзектендіру тұрғысынан жүргізіледі.

108. Декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда), іс-шаралардың/жобалардың тізбесін түзету декомпозиция процесі үшін осы Әдістеменің 91-103-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

109. Ұлттық жоспардың іске асырылуын жыл сайынғы мониторингтеу қол жеткізілген нәтижелер мен алынған әсерлерді, оның іске асырылуының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және игілік алушыларға ықпалын бағалау, оны іске асыру кезіндегі кедергілер мен тәуекелдерді анықтау мақсатында жүргізіледі.

110. Ұлттық жоспарды мониторингтеуді мемлекеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар, оның ішінде Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылатын мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептерін және Жобалық басқару ақпараттық жүйесінің деректері бойынша жүргізілген жобалық басқару мониторингінің нәтижелерін талдау негізінде жүргізеді.

111. Жобалық басқаруды мониторингтеудің нәтижелері стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей, түйінді ұлттық индикаторлар бөлінісіндегі жинақтау әдісімен ұсынылады және:

1) жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың жалпы саны және мерзімдері бұзыла отырып, іске асырылған іс-шаралар/жобалардың саны туралы;

2) іс-шаралардың/жобалардың тиісті уәкілетті органдардың немесе сарапшылардың белгілеген нормаларының, стандарттарының талаптары сақталмай, іске асырылуы жағдайлары (және олардың саны) туралы;

3) қаржыландыру көздері бойынша түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың/жобалардың қаржылық қамтамасыз етілу дәрежесі туралы;

4) іске асыру, ведомствоаралық үйлестіру, негізделген қаржыландыру, қол жеткізбеу тәуекелін болғызбау/барынша азайту мәселелерін шешу процесінде түйінді

ұлттық индикаторларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдардың қажетті басқарушылық іс-әрекеттерін қабылдамау жағдайлары туралы;

5) сандық мәні көрсетілген іс-шаралардың/жобалардың іске асырылу барысы туралы ақпараттың дұрыс еместігі және толық еместігі фактілерінің болуы туралы;

6) тәуекелдердің, оның ішінде қоғамдық мониторингтің қорытындысы бойынша (болған жағдайда іске асыру тәуекелдері бар іс-шаралар/нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) саны туралы ақпаратты көрсете отырып) және ұсынымдардың жалпы санындағы іске асырылмаған ұсынымдардың үлесін көрсете отырып, қоғамдық мониторинг ұсынымдарының орындалмауы туралы ақпаратты қамтиды.

112. Ұлттық жоспарды мониторингтеу үшін стратегиялық және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға мемлекеттік жоспарлау мен жобалық басқарудың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуге рұқсат беріледі.

113. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға даму жоспарларының іске асырылуы туралы есепті есепті жылдан кейінгі жылғы 1-наурызға дейін ұсынады.

114. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган алынған ақпараттың негізінде осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық даму жоспарының іске асырылуы туралы есептің жобасын қалыптастырады.

115. Ұлттық жоспардың іске асырылуы туралы есеп:

1) жоспарланған және нақты қол жеткізілген (қол жеткізілмеген) түйінді ұлттық индикаторлар, сондай-ақ оларға қол жеткізілмеу себептері (қол жеткізілмеген жағдайларда) туралы;

2) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты көрсете отырып, іске асырылған, орындалмаған немесе ішінара орындалған даму жоспарларының іс-шаралары/жобалары туралы, сондай-ақ (іс-шаралар орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда) олардың орындалмау себептері және Ұлттық жоспардың белгіленген түйінді ұлттық индикаторларына қол жеткізуге әсері туралы, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды ескере отырып, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың қызметі жөніндегі түсініктемелері;

3) Ұлттық жоспарды іске асыру бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде алынған әсерлер, олардың базалық кезеңмен салыстырғанда серпіндегі игілік алушыларға (мемлекетке, азаматтарға, бизнеске) әсері туралы (Ұлттық жоспарды іске асырудың басындағы тиісті көрсеткіштердің мәні туралы ақпарат болған кезде, ол болмаған жағдайда – оны іске асырудың бірінші жылы базалық деп танылады);

4) Ұлттық жоспарда көзделген проблемалар мен міндеттердің шешілу дәрежесі туралы ақпаратты, сондай-ақ қорытындылар мен ұсыныстарды, оның ішінде МЖЖ құжатын, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын түзету қажеттігіне

қатысты ақпаратты көрсете отырып, құжаттың іске асырылу барысын жалпылама талдау түріндегі ақпаратты қамтиды.

116. Ұлттық жоспарды іске асырудың соңғы жылындағы есеп құжаттың соңғы қолданылу жылында іске асырылуы жөніндегі ақпаратты және бүкіл қолданылу кезеңі үшін жалпылама ақпаратты қамтиды.

117. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Ұлттық жоспардың іске асырылуы туралы есептің қалыптастырылған жобасын есепті жылдан кейінгі жылғы 1-мамырға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

118. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған Ұлттық жоспардың іске асырылуы туралы есептің жобасы қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі (қажет болған жағдайда) пысықталған есепті он жұмыс күні ішінде стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

119. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ұлттық жоспардың іске асырылуы туралы есебінің, қоғамдық мониторингтің нәтижелері бойынша қорытынды ақпаратының (болған жағдайда) негізінде Ұлттық жоспардың іске асырылу барысын бағалай отырып және ұсынымдарымен қорытынды қалыптастырады және оны есепті жылдан кейінгі жылғы 1 шілдеге дейін Үкіметке жібереді.

120. Ұлттық жоспардың іске асырылуы туралы Үкіметтің есебін және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын қамтитын жиынтық қорытындыны Қазақстан Республикасының Үкіметі есепті кезеңнен кейінгі жылғы 15-шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне жібереді.

121. Ұлттық жоспарды мониторингтеудің негізгі қорытындыларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсында есепті кезеңнен кейінгі жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде жұртшылыққа қолжетімді нысанда орналастырады.

122. Ұлттық жоспарға түзетулер Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары ережелерінің және тапсырмаларының негізінде жүзеге асырылады.

123. Түйінді ұлттық индикаторлар картасы түзетілген жағдайда, даму жоспарларының нысаналы индикаторлары, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) осы Әдістеменің 105-тармағына сәйкес тиісінше түзетілуі тиіс.

5-тарау. Мемлекеттік органның даму жоспары

124. Мемлекеттік органның даму жоспары орталық мемлекеттік органның ортамерзімді кезеңдегі қызметін айқындайды және МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарын, функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін, мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, іске асыруға бағытталған.

125. Даму жоспарын Ұлттық жоспардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұзақмерзімді даму болжамының, ортамерзімді

кезеңге әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде тиісті мемлекеттік орган бесжылдық кезеңге әрбір үш жыл сайын әзірлейді.

126. Мемлекеттік органның даму жоспарын МЖЖ-нің 57 және 58-тармақтарында айқындалған мемлекеттік органдар әзірлемейді.

127. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар Кеңесінің қаулысымен бекітілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің стратегиялық жоспарын әзірлеу және оның мониторингі әдістемесіне сәйкес стратегиялық жоспар әзірлейді.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес стратегиялық жоспарды әзірлейді және бекітеді.

128. Даму жоспары осы Әдістеменің 3-тарауының 1 және 2-параграфтарының талаптарына сәйкес әзірленеді.

129. Даму жоспарын әзірлеу кезінде талдау үшін ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылады.

130. Даму жоспарының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) пайым;
- 2) бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен ресурстар;
- 3) ведомствоаралық өзара іс-қимыл;
- 4) инвестициялық жоспар (қосымша түрінде)

131. "Пайым" бөлімінде даму жоспарын іске асыру нәтижесінде жетекшілік ететін салалардың/қызмет аяларының перспективалық жай-күйі жазылады.

132. "Бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен ресурстар" бөлімінде бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен оларға қол жеткізу үшін жоспарланатын даму жоспарының ресурстары жазылады.

133. Бағыттар МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарында белгіленген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін өзгерістері аса маңызды болып табылатын, реттелетін салаларды немесе қызмет аяларын талдаудың негізінде қалыптастырылады.

134. Мемлекеттік орган мақсаттарды айқындауды мынадай:

- 1) мақсаттың белгіленген проблемалармен нақты себеп-салдарлық байланысының болуы;
- 2) сандық көрсеткіштердің көмегімен мақсатқа қол жеткізуді білдіру мүмкіндігі;
- 3) Ұлттық жоспардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мақсаттары мен міндеттеріне, Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарына сәйкестігі;
- 4) тұжырымдау кезінде:

еркін немесе екіұшты түсіндіру терминдерін, ұғымдарын және тіркестерін пайдалануға;

мақсаттың өзіне қол жеткізудің салдары болып табылатын өзге де мақсаттарды немесе нәтижелерді көрсетуге жол берілмейтін, мақсаттардың қысқаша және нақты жазылуы талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

135. Даму жоспарындағы әрбір мақсат үшін МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің көрсеткіштерінен туындайтын нысаналы индикаторлар айқындалады.

Даму жоспарының нысаналы индикаторлары Ұлттық жоспардың тиісті түйінді ұлттық индикаторларымен және Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштерімен өзара байланыста көрсетіледі.

136. Әрбір нысаналы индикатор бойынша есептік жылдар және бесжылдық кезеңдер бойынша нысаналы индикатордың аралық мәндерін айқындай отырып, оның жоспарланатын мәніне қол жеткізудің түпкілікті мерзімі (кезеңі) айқындалады.

137. Әрбір мақсат бойынша даму жоспарын іске асыруға тартылған қаржы қаражатының болжамды көлемінің жиынтығы түрінде есептік және жоспарлы кезең жылдары бойынша бөліністе жоспарланатын қаржылық ресурстар бойынша деректер келтіріледі.

138. Даму жоспарын іске асыру үшін қажетті қаржылық қажеттілікті айқындау кезінде мемлекеттік орган әрбір нысаналы индикатор, іс-шара/жоба бойынша жеке күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсердің есеп-қисабын жүргізеді.

Бұл есеп-қисаптар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға даму жоспарының жобасымен немесе даму жоспарына өзгерістер және толықтырулар енгізу жобасымен бірге енгізіледі.

139. "Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" бөлімі мақсаттарға, міндеттерге, және МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының көрсеткіштеріне, даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуге бағытталған шараларды/жобаларды іске асыру шеңберінде әзірлеуші мемлекеттік органның орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын көрсетеді.

140. Әзірлеуші мемлекеттік органның басқа орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен орындалуы қамтамасыз етілетін іс-шараларды /жобаларды қосуы осы ұсыныстарды мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша жүзеге асырылады.

141. Мемлекеттік органның даму жоспары бұрын жүргізілген мониторингтердің, бақылау іс-шараларының, мемлекеттік аудиттің, Жоғары аудиторлық палатаның қорытындылары мен ұсынымдарының нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік

органның құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының ұсыныстары негізінде осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

142. Даму жоспарының жобасына қосымша түрінде инвестициялық жоспар қоса жалғанады. Инвестициялық жоспар осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органның даму жоспарын іске асырудың барлық кезеңіне әзірленеді және даму жоспарының жобасымен бірге қаралады.

143. Инвестициялық жоспарда даму жоспарларының мақсатына, нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін қажетті және бюджеттік даму бағдарламалары (кіші бағдарламалар), күрделі шығыстар, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) арқылы, қаржыландырудың бюджеттен тыс көздері, қаржыландыруды талап етпейтін институционалдық сипаттағы шаралар есебінен іске асырылатын барлық іс-шаралар/жобалар көрсетіледі.

Осы Әдістеменің 33-тармағының ережелерін ескере отырып, инвестициялық жоспарда даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштерін көрсетуге жол беріледі.

144. Инвестициялық жоспар нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін басым және проблемалық аймақтардың картасын және (қажет болған жағдайда) инвестициялық жобалардың болжамды тізбесін қамтиды.

145. Басым және проблемалық аймақтардың картасы әрбір нысаналы индикатор бойынша оның басымдылық дәрежесі бойынша және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бөлінісіндегі шешімге қойылған міндетті саралау түрінде жасалады және мемлекеттік инвестициялық жобалар мен басқа көздер есебінен іске асырылатын жобалардың тізбесін қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

146. Басым және проблемалық аймақтардың картасы түс шкаласы түрінде көрсетілуі мүмкін, мұнда:

- іске асырылу басымдығы жоғары аймақтар қызыл түспен ерекшеленеді;
- іске асырылу басымдығы орташа аймақтар сары түспен ерекшеленеді;
- басымдығы төмен аймақтар жасыл түспен ерекшеленеді.

Әрбір түс аймағы үшін мемлекеттік орган көрсеткіштің (қаралатын шаманың) мәндерін талдау негізінде өзінің сандық диапазонын пайыздық мәнде айқындайды.

147. Даму жоспарын бекіту үшін мемлекеттік орган ведомстволық бюджеттік комиссияның оң ұсынысы бар даму жоспарының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына мемлекеттік органның қолданыстағы даму жоспары аяқталған жылғы 1 сәуірден кешіктірмей енгізеді.

148. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 46-бабына сәйкес жүзеге асырылатын нәтижелерді

бағалау қорытындыларын ескере отырып, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының жобалары:

1) мақсат қою құжаттарының, МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының, өзге де жоспарлау құжаттарының стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкестігі;

2) проблемаларды шешуге және қызмет саласын/аясын одан әрі дамытуға бағытталған бағыттар мен мақсаттарды таңдаудың негізділігі;

3) нысаналы индикаторларды таңдаудың дұрыстығы және оларға қол жеткізу дәрежесі;

4) мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың басымдығы мәніне қарайды.

149. Жоспарлы кезеңге арналған даму жоспарының жобасын қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың басымдылығын көрсете отырып, осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және ағымдағы қаржы жылының 1 мамырынан кешіктірмей республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік органның даму жоспарларының жобалары әзірлеуші мемлекеттік органдарға жіберіледі.

150. Мемлекеттік органның даму жоспарының жобасы мемлекеттік органның қолданыстағы даму жоспары аяқталған жылғы 30 желтоқсанныан кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен, өзге де мүдделі органдармен келісіледі және оны мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

151. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған кезде тиісті саланың/аяның қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары құқықтық мирасқор-мемлекеттік органның бүкіл жоспарлы кезеңіне арналған даму жоспарында көрсетіледі.

152. Даму жоспарларын әзірлемейтін мемлекеттік органдар инвестициялық жоспарларды осы Әдістеменің 142-146-тармақтарында белгіленген тәртіппен және нысан бойынша әзірлейді.

153. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін мемлекеттік органдардың инвестициялық жоспарларын қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының және мақсат қою құжаттары көрсеткіштерінің декомпозициясын жүргізу шеңберінде жүзеге асырады.

154. Мемлекеттік органның даму жоспары өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен немесе бекітілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде әзірлеуші мемлекеттік органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның интернет-ресурсында (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) орналастырылады.

155. Мемлекеттік органның даму жоспарын іске асыру инвестициялық жоспарды іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

156. Мемлекеттік органның даму жоспарын іске асыру оның мақсаттарына уақтылы және толыққанды қол жеткізу және жоспарланған нәтижелерді алу жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларында және Мемлекеттік органдардың жобалық басқарудың үлгілік регламентінде (бұдан әрі – Жобалау басқаруының қағидалары мен Үлгілік регламенті) айқындалған жобалық басқарудың әдістері мен тәсілдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

157. Мемлекеттік органдардың даму жоспарларын іске асыру кезінде жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу ықтималдығы күшейген немесе туындаған жағдайда, мемлекеттік органдар қажетті шарларды қабылдайды.

158. Мемлекеттік органның даму жоспарын іске асырудың жыл сайынғы мониторингін әзірлеуші мемлекеттік орган инвестициялық жоспардың орындалу деректері, жобалық басқару мониторингінің нәтижелері негізінде жүргізеді.

159. Жобалық басқару мониторингінің нәтижелері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жинақтау әдісімен ұсынылады және:

1) жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың жалпы саны және мерзімдері бұзылып іске асырылған іс-шаралар/жобалар саны туралы;

2) іс-шаралардың тиісті уәкілетті органдардың немесе сарапшылардың белгілеген нормалары, стандарттары, талаптары сақталмай іске асырылу жағдайлары (және олардың саны) туралы;

3) қаржыландыру көздері бойынша нысаналы индикаторларға және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың/жобалардың қаржылық қамтамасыз етілу дәрежесі туралы;

4) іске асыру, ведомствоаралық үйлестіру, негізделген қаржыландыру, қол жеткізбеу тәуекелін болғызбау/азайту мәселелерін шешу процесінде нысаналы индикаторларға және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдардың қажетті басқару іс-әрекеттерін қабылдамау жағдайлары туралы;

5) сандық көрінісін көрсете отырып, іс-шаралардың/жобалардың іске асырылу барысы туралы ақпараттың дұрыстығы және толықтығы фактілерінің болуы туралы;

6) жоспарлы мәндерді орындамау немесе оларға қол жеткізбеу тәуекелдері бар іс-шаралар/жобалар, нысаналы индикаторлар туралы ақпаратты қамтиды.

160. Мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы жыл сайынғы есептер осы Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және мыналарды:

1) құжаттың деректемелері:

құжаттың атауы, нөмірі, күні;

әзірлеуші мемлекеттік орган;

іске асыру мерзімдері, оның ішінде кезең-кезеңімен;

2) жоспарланған және нақты қол жеткізілген нысаналы индикаторлар, сондай-ақ оларға қол жеткізілмеу себептері;

3) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты, сондай-ақ (оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін іс-шаралардың орындалмауы немесе ішінара орындалмауы жағдайларында) болған кезде жобалық басқару туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырылған, мемлекеттік органның қызметі бойынша ақпаратты ескере отырып, олардың орындалмау себебі туралы түсініктемелерді көрсетумен орындалған, орындалмаған немесе ішінара орындалған жоспарланған іс-шаралар (құжат іске асырылған кезден бастап барлық кезең үшін) туралы ақпаратты;

4) даму жоспарларының қол жеткізілген/қол жеткізілмеген нысаналы индикаторларының Ұлттық жоспардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және тиісті көрсеткіштерге қол жеткізуге әсері туралы ақпаратты;

5) игілік алушылардың базалық кезеңмен салыстырғандағы серпінде қанағаттану деңгейі туралы ақпарат (құжатты іске асырғанға дейінгі кезде тиісті көрсеткіштердің мәні туралы ақпарат болғанда, ол болмаған жағдайда – құжатты іске асырудың бірінші жылы базалық болып танылады);

6) жүргізілетін бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар және қоғамдық мониторинг және бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит және қоғамдық мониторингтің қорытындылары бойынша орындалған ұсынымдар туралы мәліметті қамтиды.

Даму жоспарын іске асыру бюджеттік инвестицияларды іске асырумен байланысты болған жағдайларда, әзірлеуші мемлекеттік орган іске асыру туралы есепте құжатты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтерді көрсетеді;

7) қоғамдық мониторинг қорытындыларын ескеріп, проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі туралы ақпаратты көрсетумен, даму жоспарының іске асырылу барысын жалпылама талдауды (болған жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес даму жоспарын түзетуге қатысты қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

161. Мемлекеттік органдар есепті жылдан кейінгі жылғы 1-наурыздан кешіктірмей Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі арқылы және мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) бірінші басшының қолы қойылған даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептерді орналастырады.

162. Ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы, толықтығы, сапасы мен уақтылығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен бірлесіп орындаушылар жауапты болады.

163. Даму жоспарын түзету мемлекеттік органның даму жоспарына және инвестициялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесін көздейді және МЖЖ-нің 65-тармағына сәйкес:

1) республикалық бюджет туралы заңдарды және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы өзгерген;

4) Президенттің және (немесе) Үкіметтің тапсырмаларын іске асыру қажет жағдайларда жүргізіледі.

164. Даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде даму жоспарының жобасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша салыстырма кесте осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша қоса жалғанады.

165. Қаржыландыру азайған немесе қысқартылған жағдайларда және күтілетін бюджет қаражатының игерілмеуіне байланысты, сондай-ақ даму жоспары іске асырылған соңғы жылы нысаналы индикаторлар мәндерін нақты мәндерге келтіру мақсатында өзгертуді көздейтін мемлекеттік органның даму жоспарын түзетуге жол берілмейді.

6-тарау. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары

166. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарына сәйкес оның ерекшелігі мен өңірдің даму әлеуетін ескере отырып, тиісті аумақтың дамуын айқындайды.

167. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ең төменгі стандарттарды, елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін міндетті түрде қолдана отырып, мүдделі орталық мемлекеттік органдармен, өңірлік саясат жөніндегі орталық органмен келісу бойынша әрбір үш жыл сайын бес жылдық кезеңге әзірлейді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітіледі.

168. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын әзірлеу үшін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен, қажет болған жағдайда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, үкіметтік емес және ғылыми ұйымдардың өкілдерін, әртүрлі білім салаларының ғалымдары мен мамандарын, сараптамалық қоғамдастықты тарта отырып, жергілікті

атқарушы органдардың, қоғамдық кеңестердің өкілдері және мәслихат депутаттарынан, өңірлік кәсіпкерлік палаталарының өкілдерінен құрылған жұмыс тобы құрылады.

169. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары осы Әдістеменің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

170. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының әзірленген жобасы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) өңірді дамытудың басым бағыттарын МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарында белгіленген бағыттармен өзара байланыстыра отырып айқындау;

2) аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетінің бағасын баяндау;

3) нысаналы индикаторларды көрсете отырып, жоспарлы кезеңнің соңына қарай аумақты дамытудың түпкі мақсаттарын айқындау;

4) күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдауды ескере отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдерін айқындау;

5) мақсаттардың және нысаналы индикаторлардың логикалық өзара байланысын сақтау;

6) игілік алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өңірдің өзіндік экономикалық әлеуетін дамытуға бағдарлану;

7) қаржыландыру көздері мен іске асыру кезеңдері бойынша бөліністе абсолютті мәнде даму жоспарын іске асыруға арналған шығыстардың көлемі туралы ақпаратты қамту;

8) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар іс-шараларының келісілуін, сондай-ақ құжаттың мақсаттар мен ресурстар бойынша теңгерімділігін сақтау;

9) тезистік форматта қысқаша және нақты баяндау.

171. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) паспорт;

2) аумақты дамыту пайымы;

3) ағымдағы жағдайды талдау;

4) негізгі бағыттар, мақсаттар, түйінді индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және ресурстар;

5) ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

6) инвестициялық жоспар (қосымша түрінде).

172. "Паспорт" бөлімінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары мыналарды:

1) атауы;

2) осы өңірдің негізгі сипаттамалары;

3) бағыттары, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда);

4) қажетті ресурстарды қамтитын негізгі параметрлері жазылады.

173. "Аумақты дамыту пайымы" бөлімінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру нәтижесінде өңірдің перспективалық жай-күйі сипатталады.

174. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ағымдағы ахуалы, негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы, өңірдің бәсекелестік артықшылықтары мен мүмкіндіктері сипатталған.

Осы бөлімнің көлемі құжаттың жалпы көлемінің 30%-нан аспайды.

175. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімі осы Әдістеменің 3-тарауының 1-параграфында жазылған тәсілдер негізінде қалыптастырылады.

176. Даму жоспарын әзірлеу кезінде талдау үшін ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылады.

177. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөліміне облыс әкімдігі, республикалық маңызы бар қала, астананың әкімдігі және жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасалған меморандумдар шеңберінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инфрақұрылымын дамытуға бағытталған, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылатын аударымдар бойынша жергілікті бюджет кірістеріне енгізілмеген түсімдердің көлемі мен шығыстары жөніндегі ақпарат, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жұмыстар мен көрсетілген қызметтер туралы мәліметтер енгізіледі.

178. "Негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және ресурстар" бөлімінде:

1) аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары;

2) нысаналы индикаторларды, міндеттерді, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) көрсете отырып, аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының әрбір бағыты бойынша мақсаттары;

3) қажетті ресурстар жазылады.

179. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары жоспарлы кезеңнің соңына қарай аумақты дамытудың белгілі бір бағытының жай-күйін, оны дамытудың сапалық бағдарларын білдіреді.

180. Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту жоспарындағы әрбір мақсат үшін МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының көрсеткіштерінен декомпозицияланған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функциялардан, өкілеттіктерден және құзыреттерден туындайтын нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда), айқындалады.

181. Нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына, міндеттеріне қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін аралық және түпкілікті мәндерді қамтиды.

182. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторлары және нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) оларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар көрсетіле отырып, келтіріледі.

183. Осы Әдістеменің 33-тармағында аталған жағдайларда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары, нысаналы индикаторлары міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне декомпозициялануы мүмкін.

184. "Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" бөлімінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орталық мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік сектор субъектілерімен осы Әдістеменің 3-тарауының 34-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген нысаналы индикаторлар бойынша өзара іс-қимылы көрсетіледі.

185. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын және (немесе) орталық салалық мемлекеттік органдармен бекітілген есептеу әдістемелері жоқ нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерді енгізу кезінде орталық мемлекеттік органдар осы Әдістеменің 3-тарауының 1-параграфында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен жаңа нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері бойынша есептеу әдістемелерін әзірлейді және бекітеді.

186. Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын және (немесе) орталық салалық мемлекеттік органдармен бекітілген есептеу әдістемесі жоқ нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына енгізілген жағдайда, жергілікті атқарушы орган бір ай мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың есептеу әдістерін әзірлейді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік статистика саласындағы аумақтық уәкілетті органмен келісе отырып, бекітеді.

187. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасына қосымша түрінде инвестициялық жоспар қоса беріледі. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму инвестициялық жоспар осы Әдістеменің 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асырудың барлық кезеңіне әзірленеді және даму жоспарының жобасымен бірге қаралады.

188. Инвестициялық жоспарда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына, нысаналы индикаторларына, міндеттер

мен нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізу үшін қажетті барлық іс-шаралар/жобалар, бұл іс-шаралар дамудың бюджеттік бағдарламалары (кіші бағдарламалары), күрделі шығыстар, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) шегінде, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен, қаржыландыруды талап етпейтін институционалдық сипаттағы шаралар арқылы мерзімдері, жауапты орындаушылары, аяқталу нысандары айқындала отырып, көрсетіледі.

189. Инвестициялық жоспар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін басым және проблемалық аймақтардың картасын және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) және қаладағы аудандар бөлінісінде әрбір нысаналы индикатор бойынша жасалатын мемлекеттік инвестициялық жобалардың болжамды тізбесін қамтиды.

190. Мемлекеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру кезінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарына енгізілген инвестициялық жобаның басым және проблемалық аймақтардың картасына сәйкес аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) және қаладағы аудандар бөлінісінде басымдық дәрежесі бойынша сараланады.

191. Басым және проблемалық аймақтардың картасын түс шкаласы ретінде көрсетуге болады, мұнда:

іске асырудың басымдылығы жоғары аймақтар қызыл түспен ерекшеленеді, мұнда көрсеткіштің қамтамасыз етілу деңгейі сары және жасыл аймақтарға қарағанда төмен;

іске асырудың орташа басымдығы бар аймақтар сары түспен ерекшеленеді, мұнда көрсеткіштің қамтамасыз етілу деңгейі қызыл аймаққа қарағанда жоғары және жасыл аймаққа қарағанда төмен;

іске асырудың төмен басымдығы бар аймақтар жасыл түспен ерекшеленеді, мұнда қамтамасыз етілу қызыл және сары аймаққа қарағанда жоғары.

192. Бекітілген ең төменгі стандарттар және (немесе) елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесі болған кезде басым және проблемалық өңірлер картасында қажеттіліктер мен басымдықтарды жоспарлау олардың негізінде жүзеге асырылады.

193. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы әзірленген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасын және инвестициялық жоспарын мүдделі орталық мемлекеттік органдарға келісуге жібереді.

194. Орталық мемлекеттік органдар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасын келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде қарайды.

195. Орталық мемлекеттік органдармен келісілген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ағымдағы жоспардың қолданылуы аяқталған

жылдың 1-сәуірінен кешіктірмей, өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына енгізеді.

196. Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының жобаларын олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

197. Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасы келіп түскеннен кейін бір ай ішінде осы Әдістемеге 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырады және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

198. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы, Бюджет кодексінің 46-бабына сәйкес жүзеге асырылатын нәтижелерді бағалау қорытындысы негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарын қалыптастырады және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қолданыстағы даму жоспары аяқталған жылдың 15-қазанына дейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органына жібереді.

199. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қолданыстағы даму жоспары аяқталған жылғы 30-желтоқсанның кешіктірілмей бекітіледі.

200. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарын әзірлеуші өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен немесе бекітілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

201. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары жергілікті атқарушы органның (әкімдіктің) және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның интернет-ресурсында (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен немесе бекітілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде орналастырылады.

202. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру инвестициялық жоспарды орындау арқылы жүзеге асырылады.

203. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру оның мақсаттарына уақтылы және толыққанды қол жеткізу және жоспарланатын нәтижелерді алу жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында жобалық басқарудың қағидалары мен үлгілік регламентінде айқындалған жобалық басқарудың әдістері мен тәсілдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

204. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жыл сайынғы мониторингін әзірлеуші мемлекеттік орган инвестициялық жоспарды орындау деректері, оның ішінде жобалық басқару мониторингінің нәтижелері негізінде жүргізеді.

205. Жобалық басқару мониторингінің нәтижелері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жинақтау әдісімен ұсынылады және:

1) жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың жалпы саны және мерзімдерді бұза отырып, іске асырылған іс-шаралар/жобалар саны туралы;

2) тиісті уәкілетті органдар немесе сарапшылар белгілеген нормаларды, стандарттарды, талаптарды сақтамай іс-шараларды іске асыру жағдайлары (және олардың саны) туралы;

3) қаржыландыру көздері бойынша түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың қаржылық қамтамасыз етілу дәрежесі туралы;

4) іске асыру, ведомствоаралық үйлестіру, негізделген қаржыландыру, қол жеткізбеу тәуекелін болғызбау /азайту мәселелерін шешу процесінде түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдардың қажетті басқару іс-әрекеттерін қабылдамау жағдайлары туралы;

5) олардың сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, іс-шаралардың/жобалардың іске асырылу барысы туралы ақпараттың анық еместігі және толық еместігі фактілерінің болуы;

6) жоспарлы мәндерді орындамау немесе оларға қол жеткізбеу тәуекелдері бар іс-шаралар, нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) туралы ақпаратты қамтиды.

206. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын жыл сайын мониторингтеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірлесіп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына қатысатын бірлесіп орындаушы-мемлекеттік органдар ұсынатын іске асырылу барысы туралы ақпараттың негізінде іске асыру туралы есептерді қалыптастыру жолымен жүргізеді.

207. Жыл қорытындысы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына мониторинг жүргізу үшін:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15-наурызына дейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына іске асыру туралы ақпаратты ұсынады;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы бірлесіп орындаушы-мемлекеттік органдар ұсынатын іске асыру туралы ақпарат негізінде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1-наурызына дейінгі мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есепті қалыптастырады, оны облыс, қала әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырады республикалық маңызы бар, бірінші басшының қолы қойылған (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) және ол келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оны шоғырландыру және интернет-ресурста орналастыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді .

208. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есебі осы Әдістеменің 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады және мыналарды:

1) құжаттың деректемелері:

құжаттың атауы, нөмірі, күні;

әзірлеуші және бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган;

іске асыру мерзімдері, оның ішінде кезең-кезеңмен;

2) жоспарланған және нақты қол жеткізілген нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда), сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептері;

3) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты көрсете отырып, орындалған жоспарланған іс-шаралар, орындалмаған немесе ішінара орындалған іс-шаралар (құжатты іске асырған сәттен бастап барлық кезең үшін), сондай-ақ (іс-шаралар орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда , оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін) олардың орындалмау себептері туралы түсініктемелер туралы ақпарат жобалық басқару туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырылған мемлекеттік органның қызметі бойынша ақпарат болған кезде;

4) қол жеткізілген/қол жеткізілмеген түйінді индикаторлар мен даму жоспарлары нәтижелері көрсеткіштерінің МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының белгіленген мақсаттарына, міндеттеріне және тиісті көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсері туралы ақпаратты;

5) базалық кезеңмен салыстырғанда серпінде игілік алушылардың қанағаттану деңгейі туралы ақпарат (құжат іске асырылғанға дейінгі сәтте тиісті көрсеткіштердің мәні туралы ақпарат болған кезде, ол болмаған жағдайда – құжатты іске асырудың бірінші жылы базалық болып танылады);

6) жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, қоғамдық мониторинг туралы мәліметтер және бақылау іс-шараларының, мемлекеттік аудиттің және қоғамдық мониторингтің қорытындылары бойынша орындалған ұсынымдар туралы мәліметті қамтиды.

Даму жоспарын іске асыру бюджеттік инвестицияларды іске асырумен байланысты болған жағдайларда, әзірлеуші мемлекеттік орган іске асыру туралы есепте құжатты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтерді көрсетеді;

7) қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ақпаратты (болған жағдайда) ескере отырып, проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі туралы ақпаратты көрсете отырып, даму жоспарының іске асырылу барысын жалпылама талдау.

209. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылу барысы туралы есептік ақпарат МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарынан, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функцияларынан, өкілеттіктерінен мен құзыреттерінен туындайтын мақсаттарға, міндеттерге қол жеткізу және ахуалды жақсарту үшін қабылданатын шараларға қол жеткізбеу себептерін және тиісті көрсеткіштерін дәрежесін нақтылауды қамтиды.

210. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі және тиісті жергілікті мемлекеттік органның бірінші басшысы Бюджет кодексінің 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

211. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын түзету даму жоспарына және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесін көздейді және МЖЖ-нің 78-тармағына сәйкес мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) республикалық бюджет туралы заңдарды және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы өзгерген;

4) Президенттің және (немесе) Үкіметтің тапсырмаларын іске асыру қажет болған жағдайларда өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

212. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салыстырма кесте қоса жалғанады.

213. Нысаналы индикаторлар мен нәтиже көрсеткіштерінің (болған жағдайда) мәндерін оларды нақты мәндерге келтіру мақсатында өзгертуді көздейтін, сондай-ақ қаржыландыру төмендеген немесе қысқартылған жағдайларда, сондай-ақ бюджет қаражатының игерілмеуі күтілетін жағдайларға байланысты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын түзетуге жол берілмейді.

7-тарау. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары

214. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дамуын айқындайды және облыстың даму жоспарының мақсаттары мен нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған.

215. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы минималды стандарттарды, елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін міндетті түрде қолдана отырып, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен, облыстың мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу бойынша бесжылдық кезеңге әрбір үш жыл сайын әзірлейді және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органының шешімімен бекітіледі.

216. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын әзірлеу үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің шешімімен, қажет болған жағдайда , орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, үкіметтік емес және ғылыми ұйымдардың өкілдерін, әртүрлі білім салаларының ғалымдары мен мамандарын, сараптамалық қоғамдастықты тарта отырып, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық кеңестердің өкілдері және мәслихат депутаттарынан, өңірлік кәсіпкерлік палаталарының өкілдерінен құрылған жұмыс тобы құрылады.

217. Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы облыстың мүдделі мемлекеттік органдарымен бірлесіп, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен келісім бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарларына нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) және іс-шаралардың декомпозициясын жүзеге асырады.

218. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары осы Әдістеменің 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

219. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының әзірленген жобасы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дамытудың басым бағыттарын МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарында белгіленген бағыттармен өзара байланыстыра отырып айқындау;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетінің бағасын баяндау;

3) нысаналы индикаторларды көрсете отырып, жоспарлы кезеңнің соңына қарай ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дамытудың түпкілікті мақсаттарын айқындау;

4) күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдауды ескере отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдерін айқындау;

5) мақсаттардың және нысаналы индикаторлардың логикалық өзара байланысын сақтау;

6) игілік алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өңірдің өзіндік экономикалық әлеуетін дамытуға бағдарлану;

7) қаржыландыру көздері мен іске асыру кезеңдері бойынша бөліністе абсолютті мәнде даму жоспарын іске асыруға арналған шығыстардың көлемі туралы ақпаратты қамту;

8) тезистік форматта қысқаша және нақты жазу.

220. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) паспорт;

2) аумақты дамыту пайымы;

3) ағымдағы жағдайды талдау;

4) негізгі бағыттар, мақсаттар, түйінді индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және ресурстар;

5) инвестициялық жоспар (қосымша түрінде);

221. "Паспорт" бөлімінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының мыналарды:

1) атауы;

2) осы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) негізгі сипаттамалары;

3) бағыттары, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда);

4) қажетті ресурстарды қамтитын негізгі параметрлері жазылады.

222. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ағымдағы жағдайы, негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы, өңірдің бәсекелестік артықшылықтары мен мүмкіндіктері сипатталған.

Осы бөлімнің көлемі құжаттың жалпы көлемінің 30%-нан аспайды.

223. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімі осы Әдістеменің 3-тарауының 1-параграфында жазылған тәсілдер негізінде қалыптастырылады.

224. Даму жоспарын әзірлеу кезінде талдау үшін ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылады.

225. "Негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және ресурстар" бөлімінде:

1) аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары;

2) нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) көрсете отырып, аумақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың әрбір бағыты бойынша мақсаттары;

3) қажетті ресурстар жазылады.

226. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының мақсаттары жоспарлы кезеңнің соңына қарай ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) белгілі бір даму бағытының жай-күйі, оны дамытудың сапалық бағдарлары болып табылады.

227. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының барлық мақсаттары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін аралық және түпкілікті мәндері бар нысаналы индикаторларды, міндеттерді және нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) қамтиды.

228. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторлары және нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) оларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар көрсетіле отырып, келтіріледі.

229. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарындағы әрбір мақсат үшін облыстың даму жоспарынан декомпозицияланған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функциялардан, өкілеттіктер мен құзыреттерден туындайтын нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) айқындалады.

230. Ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын және (немесе) орталық және салалық мемлекеттік органдар бекіткен есептеу әдістемелері жоқ нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) енгізілген кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен, салалық мемлекеттік органдармен, статистика саласындағы аумақтық уәкілетті органмен, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы келісу бойынша есептеу әдістемелерін әзірлейді және бекітеді.

231. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасына қосымша түрінде инвестициялық жоспар қоса беріледі. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму инвестициялық жоспары осы Әдістеменің 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асырудың барлық кезеңіне әзірленеді және даму жоспарының жобасымен бірге қаралады.

232. Инвестициялық жоспарда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының мақсаттарына, нысаналы индикаторларына, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізу үшін қажетті, бюджеттік даму бағдарламалары (кіші бағдарламалары), күрделі шығыстар, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) шегінде, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері

есебінен іске асырылатын, мерзімдерін, жауапты орындаушыларды, аяқтау нысандарын айқындай отырып, барлық іс-шаралар/жобалар көрсетіледі.

233. Инвестициялық жоспар аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісінде әрбір нысаналы индикатор, нәтиже көрсеткіші бойынша жасалатын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін басым және проблемалық аймақтардың картасын қамтиды.

234. Іс-шаралар/жобалар басым және проблемалық аймақтар картасында айқындалған қамтамасыз етуді ескере отырып, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша әрбір санатта көрсетіле отырып, басқа көздер есебінен іске асырылатын мемлекеттік инвестициялық жобалар және жобалар бөлінісінде ұсынылады.

235. Басым және проблемалық аймақтардың картасы инвестициялық жоспарды қалыптастыру және қамтамасыз етудің ең төменгі деңгейі бар елді мекендердің басымдылығын ескере отырып, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының нысаналы индикаторына, нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге арналған қаражатты жоспарлау кезінде пайдаланылады.

236. Басым және проблемалық аймақтардың картасын түс шкаласы ретінде көрсетуге болады, мұнда:

іске асыру басымдығы жоғары аймақтар қызыл түспен ерекшеленеді, мұнда қауіпсіздік деңгейі сары және жасыл аймақтарға қарағанда төмен;

іске асырудың орташа басымдығы бар аймақтар сары түспен ерекшеленеді, мұнда қауіпсіздік деңгейі қызыл аймаққа қарағанда жоғары және жасыл аймаққа қарағанда төмен;

жасыл түспен қамтамасыз ету деңгейі сары және қызыл аймақтарға қарағанда жоғары болатын іске асыру басымдығы жоғары аймақтар ерекшеленеді.

Әрбір түс аймағы үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы көрсеткіштің (қаралатын шаманың) мәндерін талдау негізінде өзінің сандық диапазонын пайыздық мәнде айқындайды.

237. Бекітілген минималды стандарттар және (немесе) елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесі болған кезде басым және проблемалық өңірлер картасында қажеттіліктер мен басымдықтарды жоспарлау олардың негізінде жүзеге асырылады.

238. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын келісу үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы облыстың салалық мемлекеттік органдарымен келісілген даму жоспарының жобасын ағымдағы жоспардың қолданысы аяқталған жылдың 25-ақпанынан кешіктірмей, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органының қарауына енгізеді.

239. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасын облыстық салалық мемлекеттік органдар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде қарайды.

240. Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасын қарау қорытындылары бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасы келіп түскеннен кейін бір ай ішінде қорытындыны қалыптастырады және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жібереді.

241. Облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасын қарау қорытындылары бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасы келіп түскеннен кейін бір ай ішінде осы Әдістеменің 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырады және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жібереді.

242. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы ағымдағы жоспардың қолданылуы аяқталған жылғы 1-қарашадан кешіктірілмейтін мерзімде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына ұсынады.

243. Аудан (облыстық маңызы бар қала) жоспарының жобасы қолданыстағы даму жоспары аяқталған жылғы 30-желтоқсаннан кешіктірілмей және облыстың даму жоспары бекітілгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бекітіледі.

244. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын әзірлеуші – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен немесе бекітілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде оны облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына жібереді.

245. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары жергілікті атқарушы органның (әкімдіктің) және облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органының интернет-ресурсында (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен немесе бекітілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде орналастырылады.

246. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асыру инвестициялық жоспарды орындау арқылы жүзеге асырылады.

247. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асыру оның мақсаттарына уақытылы және толыққанды қол жеткізу және жоспарланған нәтижелерді алу жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында жобалық басқарудың қағидалары мен үлгілік регламентінде айқындалған жобалық басқарудың әдістері мен тәсілдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

248. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жыл сайынғы мониторингін әзірлеуші мемлекеттік орган инвестициялық жоспарды орындау

деректері, оның ішінде жобалық басқару мониторингінің нәтижелері негізінде жүргізеді.

249. Жобалық басқару мониторингінің нәтижелері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жинақтау әдісімен ұсынылады және:

1) жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың жалпы саны және мерзімдерді бұза отырып іске асырылған іс-шаралар/жобалар саны туралы;

2) тиісті уәкілетті органдар немесе сарапшылар белгілеген нормаларды, стандарттарды, талаптарды сақтамай іс-шараларды іске асыру жағдайлары (және олардың саны) туралы;

3) қаржыландыру көздері бойынша түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың қаржылық қамтамасыз етілу дәрежесі туралы;

4) іске асыру, ведомствоаралық үйлестіру, негізделген қаржыландыру, қол жеткізбеу тәуекелін болғызбау /азайту мәселелерін шешу процесінде түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдардың қажетті басқару іс-әрекеттерін қабылдамау жағдайлары туралы;

5) сандық көрінісін көрсете отырып, іс-шараларды/жобаларды іске асыру барысы туралы ақпараттың дұрыс истігі және толық факстігі фактілерінің болуы туралы;

6) іске асыру тәуекелдері бар іс-шаралар/жобалар, нысаналы индикаторлар, нәтиже көрсеткіштері (болған жағдайда) туралы ақпаратты қамтиды.

250. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын жыл сайын мониторингтеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірлесіп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар ұсынатын іске асырылу барысы туралы ақпараттың негізінде іске асыру туралы есептерді қалыптастыру жолымен жүргізеді.

251. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асыру туралы есеп осы Әдістеменің 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді және:

1) құжаттың деректемелері:

құжаттың атауы, нөмірі, күні;

әзірлеуші және бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган;

іске асыру мерзімдері, оның ішінде кезең-кезеңмен;

2) жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептері;

3) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты көрсете отырып, орындалған жоспарланған іс-шаралар, орындалмаған немесе ішінара орындалған іс-шаралар (құжатты іске асырған сәттен бастап барлық кезең үшін), сондай-ақ (іс-шаралар орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда

, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін) олардың орындалмау себептері туралы түсініктемелер туралы ақпарат жобалық басқару туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырылған мемлекеттік органның қызметі бойынша ақпарат болған кезде;

4) базалық кезеңмен салыстырғанда серпінде игілік алушылардың қанағаттану деңгейі туралы ақпарат (құжат іске асырылғанға дейінгі сәтте тиісті көрсеткіштердің мәні туралы ақпарат болған кезде, ол болмаған жағдайда – құжатты іске асырудың бірінші жылы базалық болып танылады);

5) жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, қоғамдық мониторинг туралы мәліметтер және бақылау іс-шараларының, мемлекеттік аудиттің және қоғамдық мониторингтің қорытындылары бойынша орындалған ұсынымдар туралы ақпаратты қамтиды.

Даму жоспарын іске асыру бюджеттік инвестицияларды іске асырумен байланысты болған жағдайларда әзірлеуші мемлекеттік орган іске асыру туралы есепте құжатты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтерді көрсетеді;

6) қоғамдық мониторинг қорытындыларын ескере отырып, проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі туралы ақпаратты көрсете отырып, даму жоспарының іске асырылу барысын жалпылама талдау (болған кезде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес даму жоспарын түзетуге қатысты қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

252. Даму жоспарының іске асырылу барысы туралы есепті ақпарат даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне (болған жағдайда) қол жеткізу дәрежесін, қол жеткізбеушілік себептерін және жағдайды жақсарту үшін қабылданатын шараларды нақтылауды қамтиды.

253. Жыл қорытындысы бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына мониторинг жүргізу үшін:

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде іске асыру туралы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1-ақпанына дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына ұсынады;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар ұсынатын іске асыру туралы ақпарат негізінде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15- ақпанына дейінгі мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есепті қалыптастырады, оны облыс әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырады, бірінші басшының қолымен (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты

қоспағанда) және ол келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде шоғырландыру және оның интернет-ресурсында орналастыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

254. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын түзету даму жоспарына және инвестициялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесін көздейді және МЖЖ-нің 78-тармағына сәйкес мынадай жағдайларда:

1) республикалық бюджет және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не оларға, сондай-ақ облыстың даму жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы немесе әкімшілік-аумақтық құрылысы өзгерген;

4) Президенттің және (немесе) Үкіметтің тапсырмаларын іске асыру қажет болған жағдайларда өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

5) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және облыстың салалық мемлекеттік органдарымен келісу қорытындылары бойынша облыс әкімінің оң шешімі болған кезде жүргізіледі.

255. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде даму жоспарының жобасына осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша салыстырма кесте қоса жалғанады.

256. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының және оның іске асырылуы туралы есептің нақтылығы мен толықтығы үшін жауапкершілік ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын әзірлеуші ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жүктеледі.

8-тарау. Өтпелі ережелер

257. Мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарлары бойынша деректерді Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесіне енгізу бөлігінде осы Әдістеменің 4, 7, 100, 103-тармақтарын қолданысқа енгізу мерзімдері 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

258. Осы Әдістеменің 59, 63, 66, 110, 112, 161-тармақтарының МЖЖ-нің құжаттарын іске асыру мониторингін Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде жүргізу бөлігінде 2026 жылдың қорытындысы бойынша енгізілу мерзімі 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 1-қосымша

Нысан

Нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесі _____ (МЖЖ құжатының атауы)

1-бөлім. Есептеуге жататын нысаналы индикаторлар және нәтижелер көрсеткіштерінің тізбесі.

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Деректердің түрлері (халықаралық статистика, ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер)	Деректер көздері (ақпараттық жүйе, жалпы мемлекеттік статистикалық бақылаулар, әкімшілік деректер, әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар негізінде алынған ресми статистикалық ақпарат)
1.	...			
2.	...			
3.	...			

2-бөлім. Нысаналы индикаторды, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) есептеу алгоритмі _____ (атауы)

1.	Нысаналы индикаторды, нәтиже көрсеткішін айқындау	
2.	Нысаналы индикатор, нәтиже көрсеткіші бойынша жедел, алдын-ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері	
	Нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің (болған жағдайда) ақпараттық жүйесінің, әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанының және есептік	

3.	деректерді орналастыру орнының сілтемесі көрсетілген ақпарат көздері (веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемесін көрсете отырып)	
4.	Өлшем бірлігін көрсете отырып, есептеудің егжей-тегжейлі және айқын бірізділігін көрсете отырып, нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің алгоритмі	
4.1	республикалық деңгейде	
4.2	жергілікті деңгейде (қажет болған жағдайда облыстық/ аудандық/ қалалық деңгейде көрсету)	
5.	Нысаналы индикаторға, нәтиже көрсеткішіне қол жеткізудегі әрбір бірлесіп орындаушы мемлекеттік органның қосқан үлесін айқындай отырып, МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының көрсеткіштерімен өзара байланысы	

Нысаналы индикаторларды,
нәтижелер көрсеткіштерін
есептеу әдістемесіне
қосымша

Нысаналы индикаторларды, нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесін толтыру жөніндегі түсіндірмелер

1. Нысаналы индикаторларын, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) есептеу әдістемесі мынадай тәртіппен толтырылады:

"(МЖЖ құжатының атауы)" деген жол бойынша нысаналы индикаторларын, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) есебі ұсынылатын МЖЖ құжатының атауы: мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары көрсетіледі.

2. "Есептеуге жататын нысаналы индикаторлар және нәтижелер көрсеткіштерінің тізбесі" деген 1-бөлімде:

1) "№" деген 1-бағанда нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері (олар болған жағдайда) атауының реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда есептеуге жататын нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (олар болған жағдайда) атауы көрсетіледі;

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) өлшем бірліктері көрсетіледі;

4) "Деректер түрлері (халықаралық статистика, ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер)" деген 4-бағанда деректер көзінің түрі көрсетіледі;

5) "Деректер көздері (ақпараттық жүйе, жалпы мемлекеттік статистикалық бақылаулар, әкімшілік деректер, әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар негізінде алынған ресми статистикалық ақпарат)" деген 5-бағанда деректер көзі көрсетіледі.

3. "Нысаналы индикаторды, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда) есептеу алгоритмі" деген 2-бөлім әр индикатор (нәтиже көрсеткіші) бойынша жеке мынадай тәртіппен толтырылады:

1) "(атауы)" деген жол бойынша нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің (ол болған жағдайда) атауы көрсетіледі;

2) "Нысаналы индикаторды, нәтиже көрсеткішін айқындау" деген 1-бағанда нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің (ол болған жағдайда) мәнін түсіндіретін анықтама көрсетіледі.

Мысалы: ЖІӨ өсуі – бұл елдің экономикалық өсу деңгейінің көрсеткіші;

3) "Нысаналы индикатор, нәтиже көрсеткіші бойынша жедел, алдын ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері" деген 2-бағанда нысаналы индикатор немесе нәтиже көрсеткіші (ол болған жағдайда) бойынша жедел, алдын ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері көрсетіледі;

4) "Нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің (болған жағдайда) ақпараттық жүйесінің, әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанының, есептік деректерді орналастыру орнының сілтемесі көрсетілген ақпарат көздері (веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып)" деген 3-бағанда нысаналы индикатор, нәтиже көрсеткіші бойынша есептік деректерді орналастыру орны болған кезде, веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, есептік/деректердің анықтығына көз жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, ақпарат көздері, сондай-ақ формула құратын көздері көрсетіледі;

5) "Өлшем бірлігін көрсете отырып, есептеудің егжей-тегжейлі және айқын бірізділігін көрсете отырып, нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің алгоритмі" деген 4-бағанда өлшем бірлігін көрсете отырып, егжей-тегжейлі және анық бірізділігін көрсете отырып, нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің (ол болған жағдайда) есептеу формуласы көрсетіледі;

6) "республикалық деңгейде" деген 4.1-бағанда бүкіл елді қамтитын нысаналы индикатордың есебі көрсетіледі.

Мысалы: ЖІӨ өсуі (елдің экономикалық өсуінің жалпылама көрсеткіші);

7) "жергілікті деңгейде (қажет болған жағдайда облыстық/ аудандық/қалалық деңгейде көрсету)" деген 4.2-бағанда өңірді қамтитын нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің (ол болған жағдайда) есебі көрсетіледі.

Мысалы: ЖӨӨ өсуі (өңірдің экономикалық өсуінің жалпылама көрсеткіші);

8) "Нысаналы индикаторға қол жеткізудегі әрбір бірлесіп орындаушы мемлекеттік органның қосқан үлесін айқындай отырып, МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының көрсеткіштерімен өзара байланысы" деген 5-бағанда нысаналы индикаторға қол

жеткізудегі әрбір бірлесіп орындаушы мемлекеттік органның қосқан үлесін айқындай отырып, декомпозициялау жолымен нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің (ол болған жағдайда) МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының көрсеткіштерімен арақатынасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 2-қосымша

Нысан

_____ жылдарға арналған (жоспарлы кезең) _____
_____ даму жоспарына (мемлекеттік органның немесе
өңірдің атауы) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша салыстырма кесте

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
---	--------------------	-----------------------	---------------------------	-----------

Салыстырма кестеге
қосымша

Мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша салыстырма кестені толтыру бойынша түсіндірмелер

1. "(мемлекеттік органның немесе өңірдің атауы)" деген жол бойынша мемлекеттік органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті даму жоспарының мемлекеттік органның немесе өңірдің атауы көрсетіледі.
2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), даму жоспарын іске асыру мерзімдері көрсетіледі.
3. "№" деген бағанда енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың реттік нөмірі көрсетіледі.
4. "Құрылымдық элемент" деген бағанда өзгеріс немесе толықтыру енгізілетін мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары бөлімінің, кіші бөлімінің, абзацының нөмірленуі көрсетіледі.

Егер мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары жаңа құрылымдық элементпен толықтырылған жағдайда, жаңа бөлімнің, кіші бөлімнің, абзацтың нөмірленуі көрсетіледі.

5. "Қолданыстағы редакция" деген бағанда өзгерту немесе толықтыру енгізілетін "Құрылымдық элемент" бағанында көрсетілген тиісті құрылымдық элементтің мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарынан қолданыстағы редакциясы жазылады.

Егер мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), даму жоспары жаңа құрылымдық элементпен толықтырылса, онда бұл бағанда "Жок" деп көрсетіледі.

6. "Ұсынылып отырған редакция" деген бағанда енгізілетін өзгерістер немесе толықтырулар ескеріле отырып, мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), даму жоспарынан "Құрылымдық элемент" бағанында көрсетілген тиісті құрылымдық элементтің редакциясы жазылады.

Мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарынан құрылымдық элементтердің бірі алып тасталған жағдайда, осы бағанда "Алып тасталсын" деп көрсетіледі.

"Қолданыстағы редакция" және "Ұсынылып отырған редакция" бағандарындағы өзгертілетін немесе толықтырылатын бөлігі қалың қаріппен көрсетіледі.

7. "Негіздеме" деген бағанда мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың негіздемесі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 3-қосымша

Нысан

(мемлекеттік органның,
өңірдің атауы) мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың, жобалардың
тізбесі

[illegible]

[illegible]

[illegible]

n.2.2.	n-ic-ш ара / жоба													
	...													

Мақсаттардың, нысаналы
индикаторлардың, іс-шаралардың,
жобалардың тізбесіне қосымша

Мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың, жобалардың тізбесін толтыру бойынша түсіндірмелер

1. "(мемлекеттік органның, өңірдің атауы)" деген жол бойынша тиісті даму жоспарын әзірлеуші мемлекеттік органның атауы көрсетіледі.

2. "№" деген 1-бағанда түйінді ұлттық индикаторларды нөмірлеуге қатысты декомпозицияланатын мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттер мен болған жағдайда нәтижелер көрсеткіштерінің, іс-шаралардың, жобалардың реттік нөмірлері көрсетіледі.

3. "Атауы" деген 2-бағанда декомпозицияланатын түйінді ұлттық индикаторлардың, мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттер мен болған жағдайда нәтижелер көрсеткіштерінің, іс-шаралардың, жобалардың атауы тиісінше көрсетіледі.

Егер нысаналы индикаторға немесе болған жағдайда нәтиже көрсеткішіне қол жеткізу оны өңірлер бойынша бөлуді көздесе, өңірлердің тиісті атауы көрсетіледі.

4. "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда жауапты мемлекеттік орган, бірлесіп орындаушылар көрсетіледі.

5. "Өлшем бірлігі" деген 4-бағанда түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің өлшем бірлігі көрсетіледі.

6. "Орындау мерзімі" деген 5-бағанда декомпозицияланатын түйінді ұлттық индикаторға, нысаналы индикаторға, болған жағдайда нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге бағытталған іс-шараның, жобаның орындалу мерзімі көрсетіледі.

7. "Аяқталу нысаны" деген 6-бағанда декомпозицияланатын түйінді ұлттық индикаторға, нысаналы индикаторға, болған жағдайда нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге бағытталған іс-шараның, жобаның аяқталу нысаны көрсетіледі.

8. "Есепті жыл фактісі" деген 7-бағанда есепті жылдағы түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің, іс-шараның, жобаның нақты мәні көрсетіледі.

Есептік жыл – бұл ағымдағы жылдың алдындағы жыл.

9. "Ағымдағы жылғы жоспар" деген 8-бағанда ағымдағы жылғы түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің, іс-шараның, жобаның жоспарлы мәні көрсетіледі.

Ағымдағы жыл – жоспарлы кезеңге арналған МЖЖ құжатын әзірлеу жылы.

Түйінді ұлттық индикаторлардың аралық және қорытынды мәндері бекітілген Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының картасына сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 4-қосымша

"БЕКІТЕМІН"
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
_____ (аты-жөні, тегі)
_____ (күні)

[illegible]

1)	...													
2)	...													
		өңірлер бойынша												
1)	...													
2)	...													
1.1.		1-мақсат												
1.1.	1 - нысан алы индикатор													
		басым салалар/аялар бойынша												
1)	...													
2)	...													
		өңірлер бойынша												
1)	...													
2)	...													
	Мінде т (болған жағдайда)													
	Нәтижелер көрсеткіші (болған жағдайда)													
		салалар/аялар бойынша												
1)	...													
2)	...													
		өңірлер бойынша												
1)	...													
2)	...													
1.1.1.	1 - іс-шара/ жоба													
1.1.2.	2 - іс-шара/ жоба													
	...													

[illegible]

[illegible]

	индикатор													
	басым салалар/аялар бойынша													
1)	...													
2)	...													
	өңірлер бойынша													
1)	...													
2)	...													
	Мінде т (болға н жағда йда)													
	Нәти желер көрсеткіші (болға н жағда йда)													
	салалар/аялар бойынша													
1)	...													
2)	...													
	өңірлер бойынша													
1)	...													
2)	...													
n.2.1.	n-іс-ш ара/ жоба													
n.2.2.	n-іс-ш ара/ жоба													
	...													

Декомпозицияланған нысаналы
индикаторлардың, іс-шаралардың,
жобалардың жиынтық тізбесіне
қосымша

Нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың, жобалардың декомпозицияланған жиынтық тізбесін толтыру бойынша түсіндірмелер

1. "(аты-жөні, тегі)" деген жол бойынша мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының тегі мен аты-жөні көрсетіледі.

2. "(күні)" деген жол бойынша декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың, жобалардың жиынтық тізбесінің бекітілген күні көрсетіледі.

3. Декомпозицияланған нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың, жобалардың жиынтық тізбесі әрбір түйінді ұлттық индикатор немесе мазмұны бойынша жақын түйінді ұлттық индикаторлар тобы бойынша жеке ресімделеді.

4. "№" деген 1-бағанда түйінді ұлттық индикаторларды нөмірлеуге қатысты декомпозицияланатын мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттер мен болған жағдайда нәтижелер көрсеткіштерінің, іс-шаралардың, жобалардың реттік нөмірлері көрсетіледі.

5. "Атауы" деген 2-бағанда декомпозицияланатын түйінді ұлттық индикаторлардың, мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттер мен болған жағдайда нәтижелер көрсеткіштерінің, іс-шаралардың, жобалардың атауы тиісінше көрсетіледі.

Егер түйінді ұлттық индикаторға, нысаналы индикаторға немесе нәтижелер көрсеткіштерге (болған жағдайда) қол жеткізу оны салалар/аялар және (немесе) өңірлер бойынша бөлуді көздеген жағдайда саланың/аяның және өңірлердің тиісті атауы көрсетіледі.

6. "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда түйінді ұлттық индикаторға, нысаналы индикаторға, болған жағдайда нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге, іс-шараны, жобаны іске асыруға тартылған барлық мемлекеттік органдар көрсетіледі.

7. "Өлшем бірлігі" деген 4-бағанда түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің, іс-шараның, жобаның өлшем бірлігі көрсетіледі.

8. "Орындалу мерзімі" деген 5-бағанда декомпозицияланатын түйінді ұлттық индикаторға, нысаналы индикаторға, болған жағдайда нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге бағытталған іс-шараның, жобаның орындалу мерзімі көрсетіледі.

9. "Аяқталу нысаны" деген 6-бағанда декомпозицияланатын түйінді ұлттық индикаторға, нысаналы индикаторға, болған жағдайда нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге бағытталған іс-шараның, жобаның аяқталу нысаны көрсетіледі.

10. "Есептік жыл фактісі" деген 7-бағанда есептік жылдағы түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің, іс-шараның, жобаның нақты мәні көрсетіледі.

Есептік жыл – бұл ағымдағы жылдың алдындағы жыл.

11. "Ағымдағы жылғы жоспар" деген 8-бағанда ағымдағы жылғы түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің жоспарлы мәні көрсетіледі.

Ағымдағы жыл – жоспарлы кезеңге арналған МЖЖ құжатын әзірлеу жылы.

12. "Жоспарлы кезең" деген 9-14-бағандарында Ұлттық жоспарды іске асырудың әрбір жылы бөлінісінде аралық және түпкілікті мәндерімен барлық жоспарлы кезеңге

түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда нәтиже көрсеткішінің, іс-шараның, жобаның болжамды мәндері көрсетіледі.

Түйінді ұлттық индикаторлардың аралық және қорытынды мәндері бекітілген Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының картасына сәйкес толтырылады.

13. "Қаржыландыру көзі" деген 15-бағанда қаржыландыру көзі көрсетіледі. Қаржыландыру көздері республикалық, жергілікті бюджеттер, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, бюджеттен тыс көздер, жеке инвестициялар болуы мүмкін. Бағанды толтыру кезінде мынадай қысқартулар пайдаланылады: РБ, ЖБ, ҰҚ, БТҚ, ЖИ.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 5-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын іске асыру туралы есеп

Бекітілген

Есептік кезең

1-бөлім. Ақпараттық бөлім

1.1-кіші бөлім. Түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізу

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Негізгі бастапқы) мән	Орындалуы туралы ақпарат			Орындалма у себептері
				жоспар	факт	қол жеткізу %	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-бағыт:							
1	1-түйінді ұлттық индикатор						
	басым салалар бойынша						
1)	...						
2)	...						
	өңірлер бойынша						
1)	...						
2)	...						

1.1	М Ж Ж төмен тұрған құжатының 1-нысаналы индикаторы						
	басым салалар бойынша						
1)	...						
2)	...						
	өңірлер бойынша						
1)	...						
2)	...						
	Қаржы ресурстары						
	Құрылған жұмыс орындары						
1.2	М Ж Ж төмен тұрған құжатының 2-нысаналы индикаторы						
	басым салалар бойынша						
1)	...						
2)	...						
	өңірлер бойынша						
1)	...						
2)	...						
	Қаржы ресурстары						
	Құрылған жұмыс орындары						
1.3	М Ж Ж төмен тұрған құжатының 3-нысаналы индикаторы						

	басым салалар бойынша						
1)	...						
2)	...						
	өңірлер бойынша						
1)	...						
2)	...						
	Қаржы ресурстары						
	Құрылған жұмыс орындары						
п-бағыт:							
2	п-түйінді ұлттық индикатор						
	басым салалар бойынша						
1)	...						
2)	...						
	өңірлер бойынша						
1)	...						
2)	...						
2.1	М Ж Ж төмен тұрған құжатының п-нысаналы индикаторы						
	басым салалар бойынша						
1)	...						
2)	...						
	өңірлер бойынша						
1)	...						
2)	...						
	Қаржы ресурстары						
	Құрылған жұмыс орындары						

							
							

1.2-кіші бөлім. Ұлттық даму жоспары іс-шараларының/тәсілдерінің орындалуы туралы ақпарат

№	Атауы	Бөлінген қаражат	Игерілген қаражат	Қаржыландыру көзі	Түйінді ұлттық индикаторға қол жеткізу/ іс-шараны орындамау немесе ішінара орындау себептерін көрсете отырып, орындау мәртебесі
1	2	3	4	5	6
1-бағыт					
1	1-түйінді ұлттық индикатор				
1.1.	МЖЖ төмен тұрған құжатының 1-іс-шарасы/ жобасы				
1.2.	МЖЖ төмен тұрған құжатының 2-іс-шарасы/ жобасы				
1.3.	МЖЖ төмен тұрған құжатының 3-іс-шарасы/ жобасы				
2	2-түйінді ұлттық индикатор				
2.1.	МЖЖ төмен тұрған құжатының 1-іс-шарасы/ жобасы				
2.2.	МЖЖ төмен тұрған құжатының 2-іс-шарасы/ жобасы				
2.3.	МЖЖ төмен тұрған				

	күжатының 3-іс-шарасы/жобасы				
n-бағыт					
n	n-түйінді ұлттық индикатор				
	Іс-шаралар/жобалар ...				

Жауапты орындаушылар – орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар көрсетіле отырып, түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізу қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген барлық іс-шаралар көрсетіледі.

2-бөлім. Талдамалық жазба.

3-бөлім. Тұжырымдар мен ұсыныстар.

Бірінші басшы

(қолы, тегі, аты-жөні)
Қазақстан Республикасының
Ұлттық даму жоспарын іске
асыру туралы есебіне қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарының іске асырылуы туралы есебін толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Ұлттық жоспарды іске асыру туралы есеп мынадай тәртіппен толтырылады:

1) "Бекітілді" деген жол бойынша Ұлттық жоспардың бекітілген нөмірі мен күні көрсетіледі;

2) "Есептік кезең" деген жол бойынша қорытындылары бойынша есеп берілетін кезең (жыл) көрсетіледі;

2. "Ақпараттық бөлім" деген 1-бөлімінің "Түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізу" деген 1.1-кіші бөлімінде:

1) "Бағыт" деген жол бойынша Ұлттық жоспарда көзделген бағыттың атауы көрсетіледі;

2) "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

3) "Атауы" деген 2-бағанда:

"Түйінді ұлттық индикатор" деген жолда Ұлттық жоспардың Түйінді ұлттық индикаторлар картасында бекітілген түйінді ұлттық индикаторлардың атауы көрсетіледі;

"МЖЖ төмен тұрған құжатының нысаналы индикаторы" деген жолдар бойынша мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының декомпозицияланған нысаналы индикаторларының атауы көрсетіледі.

Ұлттық жоспардан барлық төмен тұрған МЖЖ құжаттары көрсетіледі.

Егер түйінді ұлттық индикаторға немесе нысаналы индикаторға қол жеткізу оны салалар/аялар және (немесе) өңірлер бойынша бөлуді көздеген жағдайда саланың және өңірлердің тиісті атауы көрсетіледі.

"Қаржы ресурстары" және "Құрылған жұмыс орындары" деген жолдар бойынша деректерді толтыру тиісінше 3-7-бағандарда жүзеге асырылады.

4) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда түйінді ұлттық индикаторларың, нысаналы индикаторлардың, миллион теңгеде қаржыландыру көлімдерінің өлшем бірлігі және құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі;

5) "Негізгі (бастапқы) мән" деген 4-бағанда түйінді ұлттық индикатордың, нысаналы индикатордың, болған жағдайда басым салалар/аялар және өңірлер бөлігінде базалық мәні көрсетіледі;

6) "жоспар" деген 5-бағанда:

"Түйінді ұлттық индикатор" деген жолда түйінді ұлттық индикаторлардың жоспарлы мәндері көрсетіледі;

"МЖЖ төмен тұрған құжатының нысаналы индикаторы" деген жол бойынша мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ұлттық компаниялардың даму жоспарларында бекітілген нысаналы индикаторлардың оларды түзетуді ескере отырып, жоспарлы мәндері көрсетіледі;

"Қаржы ресурстары" және "Құрылған жұмыс орындары" деген жолдар бойынша миллион теңгеде жоспарланған қаржыландыру көлемдері және уақытша жұмыс орындарын қоса алғанда құрылған жұмыс орындарының жоспарланған саны көрсетіледі;

7) "факт" деген 6-бағанда:

"Түйінді ұлттық индикатор" деген жолда түйінді ұлттық индикаторлардың нақты мәндері көрсетіледі;

"МЖЖ төмен тұрған құжатының нысаналы индикаторы" деген жол бойынша мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ұлттық компаниялардың даму жоспарларында бекітілген нысаналы индикаторлардың нақты мәндері көрсетіледі;

Қаржы ресурстары" және "Құрылған жұмыс орындары" деген жолдар бойынша нақты бөлінген/игерілген қаржы қаражат және уақытша жұмыс орындарын қоса алғанда нақты құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

Есептік кезеңде факті болмаған кезде алдыңғы кезеңдегі нақты деректер көрсетіледі

Басым салалар мен өңірлер бойынша бөлу болған кезде 5 және 6-бағандарда тиісінше салалар мен өңірлер бөлінісіндегі түйінді ұлттық индикаторлардың, нысаналы индикаторлардың жоспарлы және нақты мәндері көрсетіледі.

Ұлттық жоспарды іске асырудың барлық жылдарына (соңғы іске асырылатын жылы) мониторинг жүргізу барысында осы бөлім әрбір жыл бойынша 5 және 6-бағандарға ұқсас жаңа "жоспар" және "факт" деген бағандармен толықтырылады;

8) "қол жеткізу %" деген 7-бағанда нақты мәндердің жоспарлы мәндеріне қатынасы ретінде түйінді ұлттық индикаторларға, нысаналы индикаторларға қол жеткізу үлесі, сондай-ақ пайдаланылған қаржы қаражатының және нақты құрылған жұмыс орындарының, уақытша орындарын қоса алғанда, жоспарланған көлемдері мен санына үлесі көрсетіледі;

9) "Орындалмау себептері" деген 8-бағанда мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының түйінді ұлттық индикаторларының, нысаналы индикаторларының орындалмауына әкеп соққан факторлар көрсетіледі.

3. "Ақпараттық бөлім" деген 1-бөлімнің "Ұлттық даму жоспары іс-шараларының/тәсілдерінің орындалуы туралы ақпарат" деген 1.2-кіші бөлімінде:

1) "№" деген 1-бағанда бағыттың, түйінді ұлттық индикатордың, оған қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың немесе жобалардың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда оларға қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ұлттық компаниялардың даму жоспарлары бағыттарының, түйінді ұлттық индикаторларының, іс-шараларының және жобаларының атауы көрсетіледі;

3) "Бөлінген қаражат" деген 3-бағанда іс-шаралар мен жобаларды іске асыруға жоспарланған және бөлінген қаражаттың көлемі миллион теңгемен көрсетіледі;

4) "Игерілген қаражат" деген 4-бағанда іс-шаралар мен жобаларды іске асыру кезінде нақты пайдаланылған, игерілген қаражаттың көлемі миллион теңгемен көрсетіледі;

5) "Қаржыландыру көзі" деген 5-бағанда қаражат бөлу көзі – республикалық бюджет, жергілікті бюджеттер, Ұлттық қор, бюджеттен тыс көздер, жеке инвестициялар, қосымша көздер (болған жағдайда) көрсетіледі. Бағанды толтыру кезінде мынадай қысқартулар пайдаланылады: РБ, ЖБ, ҰҚ, БТҚ, ЖИ, ҚҚ;

6) "Түйінді ұлттық индикаторға қол жеткізу/іс-шараны орындамау немесе ішінара орындау себептерін көрсете отырып, орындау мәртебесі" деген 6-бағанда іс-шаралардың орындалу мәртебесі "орындалды", "ішінара орындалды", "орындалмады", жоспарланған іс-шаралардың ішінара орындалу және (немесе) орындалмау себептері, қабылданған ведомствоаралық өзара іс-қимыл шараларын, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың қызметін көрсете отырып, Ұлттық жоспардың бағыттары, мақсаттары мен міндеттері бөлінісінде оларды іске асырудың белгіленген түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге, елдегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайға ықпал ету дәрежесі көрсетіледі.

4. "Талдамалық жазба" деген 2-бөлім мыналарды қамтиды:

5. "Тұжырымдар мен ұсыныстар" деген бөлімде тұжырымдар мен ұсыныстар, оның ішінде түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізу тәуекелдерінің бар-жоғы туралы, Ұлттық жоспарды түзету, қаржыландыру көлемі мен көздері жөніндегі, қолданыстағы заңнаманы өзгерту туралы, түйінді ұлттық индикаторларға жүйелі, негізсіз қол жеткізілмеген жағдайларда мемлекеттік органдардың басшыларына әкімшілік сипаттағы шаралар қабылдау туралы ақпарат қамтылады.

№	Атауы	Жауапты				Ағымдағы	Жоспарлы кезең				

[illegible]

[illegible]

3	индикатор/ көрсеткіш										
8.	п-максат										
12)	п-нысаны индикатор ...										
	Қаржылық ресурстар			млн теңге							
	ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың ЖИЫНЫ			млн теңге							

п-бағыт

13)	п-ныс налы индика тор										
14)	п-ныс налы индика тор										
	Қаржы лық ресурст ар			млн теңге							

[illegible]

	индикатор										
	Қаржылық ресурстар			млн теңге							
	Өзге құжаттар мен функцияларды іске асыруға қаржылық ресурстардың ЖИЫНЫ			млн теңге							
	Қаржылық ресурстардың жалпы көлемі			млн теңге							
	оның ішінде нысаналы индикаторларымен қамтылмаған бюджет қаражаты			млн теңге							

3-бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

№	Нысаналы индикаторлар/іс-шаралар	Өзара іс-қимыл көзделетін мемлекеттік органдар	Өзара іс-қимылдың сипаттамасы
Ұлттық даму жоспарының іске асырылуы			
	Түйінді ұлттық индикатор/Нысаналы индикатор		
	1-іс-шара/жоба		
	2-іс-шара/жоба		
Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының іске асырылуы			
	Көрсеткіш/Нысаналы индикатор		

	1-іс-шара/жоба		
	2-іс-шара/жоба		
Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну			
	Нысаналы индикатор		
	1-іс-шара/жоба		
	2-іс-шара/жоба		
	...		

Бірінші басшы _____ (лауазымы) (қолы, тегі, аты-жөні)

Мемлекеттік органның даму
жоспарына қосымша

Мемлекеттік органның даму жоспарын толтыру бойынша түсіндірмелер

1. "(мемлекеттік органның атауы)" деген жолда даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органның толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда даму жоспары әзірленетін бесжылдық кезең көрсетіледі.

3. "Пайымы" деген 1-бөлімде мемлекеттік органның пайымы жазылады. Мемлекеттік органның пайымы мемлекеттік органның перспективада жетекшілік ететін салалар немесе қызмет аясы қандай болатындығын көрсетеді.

4. "Бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және ресурстар" деген 2-бөлім Ұлттық жоспардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы және өзге жоспарлау құжаттарының, мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің іске асырылуына және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға бағытталған блоктарына бөле отырып, кесте түрінде толтырылады.

5. "Ұлттық даму жоспарын іске асыру" деген блокта осы Әдістемеге 4-қосымшада көрсетілген Ұлттық даму жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының, стратегиялық мақсаттарының, міндеттерінің декомпозициясына сүйене отырып, толтыру жүзеге асырылады.

6. "Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру" деген блокта Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының стратегиялық мақсаттарының, міндеттерінің, нысаналы индикаторларының мен көрсеткіштерінің декомпозициясына сүйене отырып, толтыру жүзеге асырылады.

"Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру" деген блок қағаз жеткізгіште ҚБП форматында немесе құпиялылық дәрежесіне байланысты құпия түрде толтырылады.

7. "Өзге жоспарлау құжаттарды, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну" деген блокта өзге жоспарлау құжаттарының (тұжырымдамалардың, стратегиялардың (доктриналардың), ұлттық жобалардың, мемлекеттік бағдарламалардың, кешенді жоспарлардың, жол

карталарының) мақсаттары мен көрсеткіштері, сондай-ақ заңнамалық түрде белгіленген функциялар мен өкілеттіктердің орындалуы және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ұсынылуы ескеріле отырып, толтыру жүзеге асырылады.

Бұл блокта қызмет бағыттары, қол жеткізілуі МЖЖ жоғары тұрған құжаттарымен (Ұлттық жоспармен, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясымен) қамтылмаған мақсаттар және нысаналы индикаторлар көрсетіледі.

8. Егер мемлекеттік орган Ұлттық жоспарды және (немесе) Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыруға қатыспаған жағдайда, кестенің тиісті блоктарын толтыру талап етілмейді.

9. 2-бөлімнің кестесін толтыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) "Бағыт", "Мақсат" деген жолдарда мәтіндік форматта мемлекеттік органның бағыттары мен мақсаттары көрсетіледі;

Мемлекеттік органның бағыттары қызметтің реттелетін салаларын/аяларын талдау негізінде қалыптастырылады, олардағы өзгерістер Ұлттық жоспарда, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында, өзге жоспарлау құжаттарында және (немесе) мемлекеттік органдардың қызметін негізге ала отырып, белгіленген мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізу үшін едәуір маңызды болып табылады.

Мақсаттар жоспарлы кезеңнің соңына қарай мемлекеттік органның белгілі бір қызмет саласының/аясының қалаған болашақ жай-күйін көрсетеді.

2) "№" деген 1-бағанда Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық индикаторының), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторының/көрсеткішінің, даму жоспары мақсаттарының, нысаналы индикаторларының өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі.

Жоғары тұрған құжаттар көрсеткіштерінің нөмірленуі араб цифрлерімен көрсетіледі және жоғары тұрған құжаттың әрбір түрі үшін басынан басталады (мысалы, "1", "2" және т.б.).

Даму жоспарының мақсаттары өтпелі реттік нөмірлеу түрінде тізбектеледі (мысалы, "1", "2" және т.б.).

Нысаналы индикаторлар мақсаттары өтпелі реттік нөмірлеудің туынды түрінде көрсетіледі (мысалы, "1", "2" және т.б.).

3) "Атауы" деген 2-бағанда "Түйінді ұлттық индикатор (стратегиялық индикатор)", "Нысаналы индикатор/Көрсеткіш", "Нысаналы индикатор" деген жолдар бойынша тиісінше Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық мақсаттарының, стратегиялық индикаторларының), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторларының/көрсеткіштерінің, мемлекеттік органның нысаналы индикаторларының атаулары көрсетіледі.

Түйінді ұлттық индикаторлар Ұлттық жоспардың Түйінді ұлттық индикаторлар картасынан көшіріледі.

Егер мемлекеттік органның бекітілген түйінді ұлттық индикаторлармен өзара байланысы болмаған жағдайда, алайда Ұлттық жоспардың мәтінінде нақты белгіленген стратегиялық мақсаттар, міндеттер немесе индикаторлар бар болса, онда "Түйінді ұлттық индикатор (стратегиялық индикатор)" деген жолда осы мақсаттың, міндеттің немесе индикатордың атауы көрсетіледі.

Мысалы: халықтың сот жүйесіне сенім деңгейі және халықтың құқық қорғау органдарына сенім деңгейі.

Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштері бекітілген Ұлттық қауіпсіздік стратегиясынан көшіріледі.

Нысаналы индикаторлардың атауы мемлекеттік органның қызметіне байланысты мақсатқа қол жеткізуді ашуға тиіс.

Нысаналы индикаторлар осы Әдістеменің 35-тармағында санамаланған өлшемшарттарға сәйкес келеді, сондай-ақ саны бойынша барынша төмен болуға және сайып келгенде игілік алушылардың қажеттіліктеріне бағытталуға тиіс (игілік алушылардың қандай да бір санаттарының жай-күйінің жақсаруын көрсете отырып).

Қызметі салалық ерекшелігі жоқ, басқа мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруге бағытталған немесе сыртқы факторларға тәуелділігі жоғары дәрежеге ие мемлекеттік органдар бойынша нысаналы индикаторларды динамикасыз не мәндер диапазонында белгілеуге жол беріледі (мемлекеттік орган қызметінің ерекшелігін көрсететін мәндерді белгілеу үшін, мысалы, инфляцияны, шет елдермен дипломатиялық ынтымақтастықты бір деңгейде ұстап тұру және т.б.)

4) "Жауапты тұлғалар" деген 3-бағанда нысаналы индикаторға қол жеткізуге жауапты жетекшілік ететін мемлекеттік органның басшысы орынбасарының деңгейінен төмен емес тұлғаның лауазымы, тегі және аты-жөні көрсетіледі;

5) "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда есептік кезеңдегі нысаналы индикаторлардың мәндерінде куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі;

6) "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық индикаторларының), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторларының/көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторларының өлшем бірліктері көрсетіледі;

"Қаржылық ресурстар", "ҰДЖ іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Өзге құжаттар мен функцияларды іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны" және "Қаржылық ресурстардың жалпы көлемі", "оның ішінде нысаналы индикаторларымен қамтылмаған бюджет қаражаты" деген жолдар бойынша қаржыландырудың көлемдері миллион теңгемен (млн теңге) көрсетіледі;

7) "Есептік жыл" деген 6-бағанда нысаналы индикаторлардың және жоғары тұрған құжаттар көрсеткіштерінің (болған жағдайда) нақты мәндері, сондай-ақ есептік қаржы

жылында оларға қол жеткізу үшін бөлінген қаржы қаражаттарының көлемдері көрсетіледі.

Есептік жыл – бұл ағымдағы жылдың алдындағы жыл;

8) "Ағымдағы жылғы жоспар (факт)" деген 7-бағанда нысаналы индикаторлардың, жоғары тұрған құжаттар көрсеткіштерінің (болған жағдайда), ағымдағы жылы (кезекті бесжылдық кезеңге арналған даму жоспарын әзірлеу жылында) жоспарланған қаржы қаражаты көлемдерінің жоспарлы мәндері көрсетіледі.

Ағымдағы жыл – жоспарлы кезеңге арналған МЖЖ-нің құжатын әзірлеу жылы.

Мемлекеттік органның даму жоспары түзетілген жағдайда, 7-бағанда нысаналы индикатордың нақты мәні, МЖЖ жоғары тұрған құжатының көрсеткіші көрсетіледі.

9) "Жоспарлы кезең" деген негізгі бағанның 8-12-бағандарында жылдар бойынша нысаналы индикаторлардың, МЖЖ жоғары тұрған құжаттары көрсеткіштерінің болжамды мәндері және жоспарлау кезеңінде оларға қол жеткізу үшін қажетті қаржылық ресурстардың көлемдері көрсетіледі;

Қаржылық ресурстары мақсаттар бөлінісінде жылдар бойынша, "ҰДЖ іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Өзге құжаттар мен функцияларды іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны" және "Қаржылық ресурстардың жалпы көлемі" деген жолдарда мемлекеттік органның қаржы ресурстарына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін болжамды қажеттілігінің жиынтығы түрінде жылдар бойынша көрсетіледі.

"Оның ішінде нысаналы индикаторлармен қамтылмаған бюджет қаражаты" деген жол бойынша 001 бюджеттік бағдарлама шеңберінде жоспарлы кезеңге мемлекеттік органның бөлінген, жоспарланған және болжанатын бюджет қаражатының көлемдері көрсетіледі.

10. "Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" деген 3-бөлімнің кестесі "Ұлттық даму жоспарын іске асыру", "Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру", "Өзге жоспарлау құжаттарды, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну" деген блоктарға бөлінген және былайша толтырылады:

1) "№" деген бағанда жоғары тұрған құжаттар (Ұлттық жоспардың және Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының) көрсеткіштерінің және мемлекеттік органның нысаналы индикаторларының өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Нысаналы индикаторлар/іс-шаралар" деген бағанда блогқа байланысты қол жеткізілуі басқа орталық және (немесе) жергілікті мемлекеттік органдардың қызметіне байланысты мемлекеттік органның нысаналы индикаторларының атауы, сондай-ақ нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін іске асыруға талап етілетін іс-шаралардың тізбесі көрсетіледі.

4) "Өзара іс-қимылды сипаттау" деген бағанда бірлесіп орындаушылардың іс-шаралар бөлінісінде мемлекеттік органның нысаналы индикаторларына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған өзара іс-қимыл тәсілдері көрсетіледі.

Нысан

инвестициялық жоспары (мемлекеттік органның атауы)

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

	Іс-ша ра/ жоба			млн теңге									
	Қаржылық ресурстар			млн теңге									
	ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың ЖИЫНЫ			млн теңге									

п-бағыт

9.	n-мақсат
----	----------

[illegible][illegible][illegible][illegible][illegible]

п-бағыт

10.	n-мақсат
-----	----------

[illegible]

[illegible]

[illegible]

лық бюдж еттен													
жергі лікті бюдж еттен													
Қ Р Ұлтт ы қ қоры нан													
басқа көзде рден													
...													
п-өнір													
...													
п-ныс аналы индик атор													
...													

Бірінші басшы _____ қолы, тегі,
аты-жөні

Мемлекеттік органның
инвестициялық жоспарына қосымша

Мемлекеттік органның инвестициялық жоспарын толтыру бойынша түсіндірме

1. "(мемлекеттік органның атауы)" деген жолда даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органның толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда даму жоспары әзірленетін бесжылдық кезең көрсетіледі.

3. Инвестициялық жоспар Ұлттық даму жоспарын, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын және өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыруға және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға бағытталған блоктарға бөле отырып, кесте түрінде толтырылады.

"Ұлттық даму жоспарын іске асыру" деген блокта түйінді ұлттық индикаторларлардың, стратегиялық мақсаттардың, Ұлттық жоспар міндеттерінің декомпозициясын негізге ала отырып, толтыру жүзеге асырылады.

"Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру" деген блок Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының стратегиялық мақсаттарына, міндеттері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып, қағаз жеткізгіште ҚБП форматында немесе құпиялылық дәрежесіне байланысты құпия түрде толтырылады.

"Өзге жоспарлау құжаттарды, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну" деген блок мақсаттар мен көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған нысаналы индикаторларды, өзге жоспарлау құжаттарының (тұжырымдамалардың, стратегиялардың (доктриналардың), ұлттық жобалардың, мемлекеттік бағдарламалардың, кешенді жоспарлардың, жол карталарының) күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ заңнамалық тұрғыда белгіленген функциялар мен өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға негізделген нысаналы индикаторларды толтыруды көздейді.

Егер мемлекеттік орган МЖЖ жоғары тұрған құжаттарын және (немесе) өзге жоспарлау құжаттарын іске асыруға қатыспаған жағдайларда, бұл блоктарды толтыру талап етілмейді.

4. "Бағыт", "Мақсат" деген жолдарда мәтіндік форматта мемлекеттік органның бағыттары мен мақсаттары көрсетіледі.

5. "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі.

6. "Атауы" деген 2-бағанда жолдарға байланысты Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық индикаторларының), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторларының/көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың/жобалардың атаулары көрсетіледі.

Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторлары, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторлары/көрсеткіштері, нысаналы индикаторлар мемлекеттік органның даму жоспарынан көшіріледі және іске асырылатын іс-шаралар/жобалар тізбесі арқылы ашып көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда осы Әдістemenің 33-тармағының ережелеріне сәйкес инвестициялық жоспарда мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті міндеттер мен нәтиже көрсеткіштері көрсетілуі мүмкін.

Іс-шаралар/жобалар бойынша:

- "нәтиже" деген жол бойынша жоспарланған іс-шараның/жобаның іске асырылуынан күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер;

- "млн теңге" деген жол бойынша іс-шараны/жобаны іске асыру үшін және тиісті күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізуге қажетті қаржы сомасы көрсетіледі.

7. "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда нысаналы индикаторға қол жеткізуге – мемлекеттік орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары деңгейінде, іс-шараны/жобаны іске асыруға – мемлекеттік органның ведомствосы, құрылымдық бөлімшесінің басшысы деңгейінде жауапты лауазымды адам көрсетіледі;

8. "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда нысаналы индикаторлардың және (немесе) іс-шаралардың/жобалардың мәндерінде куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі.

9. "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторлары (стратегиялық индикаторлары), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторлары/ көрсеткіштері, нысаналы индикаторлары мәндерінің өлшем бірліктері көрсетіледі.

"Іс-шара/жоба" деген жолдар бойынша осы іс-шараларды/жобаларды іске асыру нәтижесінде күтілетін нақты нәтижелердің және қаржыландырудың қажетті көлемінің миллион теңгедегі сомаларының өлшем бірліктері көрсетіледі.

10. "Аяқталу нысаны" деген 6-бағанда іске асыруға жоспарланған іс-шараны/жобаны орындаудың нақты нысандарын енгізу жолымен "Іс-шаралар/жобалар" деген жолдар бойынша толтырылады.

11. "Есептік жыл" деген 7-бағанда нысаналы индикаторлар мен жоғары тұрған құжаттар көрсеткіштерінің (болған жағдайда), жоспарланған іс-шаралар/жобалар нәтижелерінің нақты мәндері, сондай-ақ есептік кезеңде оларды іске асыруға бөлінген қаржылық қаражаттың көлемдері көрсетіледі.

Есептік жыл – бұл ағымдағы жылдың алдындағы жыл.

12. "Ағымдағы жылғы жоспар (факт)" деген 8-бағанда нысаналы индикаторлардың, жоғары тұрған құжаттар көрсеткіштерінің (болған жағдайда) және іс-шаралардың/жобалардың , ағымдағы кезеңдегі жоспарлы мәндері, сондай-ақ ағымдағы жылғы (кезекті бес жылдық кезеңге даму жоспарын әзірлеу жылында) жоспарланған қаржылық қаражаттың көлемдері) көрсетіледі.

Ағымдағы жыл – жоспарлы кезеңге арналған МЖЖ құжатын әзірлеу жылы.

Мемлекеттік органның даму жоспары түзетілген жағдайда, 8-бағанда нысаналы индикатордың, МЖС жоғары тұрған құжат көрсеткішінің, жоспарланған іс-шара/жоба нәтижесінің, нақты мәні көрсетіледі.

13. Іс-шаралар/жобалар бойынша есепті және жоспарлы мәндер қаржыландыру нәтижесі мен сомасының мәндері бөлінісінде көрсетіледі.

14. "Жоспарлы кезең" деген негізгі бағанның 9-13-бағандарында Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық индикаторларының), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторлардың, жылдар бөлінісінде жоспарлы бес жылдық кезеңге қол жеткізуге жоспарланатын іс-шараларды/жобаларды қаржыландыру нәтижелері мен сомаларының болжамды мәндері көрсетіледі.

15. "Қаржыландыру көзі" деген 14-бағанда қаржыландыру көзі: республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты, бюджеттен тыс көздер РБ, ЖБ , БТК қысқартулар түрінде көрсетіледі.

16. "ББ.КББ коды" деген 15-бағанда егер қаржылық көзі ретінде республикалық немесе жергілікті бюджет көрсетілсе, онда әрбір іс-шараға/жобаға қарама қарсы

жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) коды (атаусыз) көрсетіледі.

17. Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) мемлекеттік органның бірнеше мақсаттарын іске асыруға бағыттауына жол берілмейді, мыналарды:

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын, тұрақты сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі қызметін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламаларды ;

бюджет бағдарламаларының әртүрлі әкімшілері арасында қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламаны қоспағанда.

18. "Қаржылық ресурстар" деген жолда мемлекеттік органның мақсаттары бөлінісінде жылдар бойынша мемлекеттік органның бюджеттік шығыстарының жиынтығы түріндегі деректер келтіріледі.

19. "ҰДЖ іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Өзге құжаттар мен функцияларды іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Жалпы қаржыландыру көлемі" деген бағандарда талап етілетін қаржыландыру көлемінің жиыны көрсетіледі.

"Оның ішінде нысаналы индикаторлармен қамтылмаған бюджет қаражаты" деген жол бойынша 001 бюджеттік бағдарлама шеңберінде жоспарлы кезеңге мемлекеттік органның бөлінген, жоспарланған және болжанған бюджет қаражатының көлемдері көрсетіледі.

20. "Басым және проблемалық аймақтар картасы" деген 3-бөлімде былайша толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмір көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда даму жоспарының нысаналы индикаторларының атауы инвестициялық жоспардан көшіріледі;

"Міндет/іс-шара/жоба" деген жол бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін шешімі басым болып табылатын міндеттер (іс-шара/жоба) тиісінше тізбеленеді.

Қажет болған жағдайда міндетті/проблеманы шешуге немесе нысаналы мақсатқа қол жеткізуге қамтылған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

Міндет деп белгіленген проблеманы шешуге бағытталған шаралар кешені түсініледі . Мысалы, "үш ауысымды оқытуды жою" міндеті жаңа мектептер салу, жұмыс істеп тұрған мектептерді реконструкциялау және күрделі жөндеу, жекеменшік мектептерді ашу, ғимараттарды сатып алу сынды шаралар кешені көзделуі мүмкін.

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда нысаналы индикаторлардың және міндеттердің (іс-шараның/жобаның) күтілетін нәтижелері мәндерінің өлшем бірліктері көрсетіледі.

4) "Базалық мәні" деген 4-бағанда қажеттілікті есептеу және прогресс динамикасын одан әрі салыстыру үшін қажетті қойылған міндет (шара/жоба) көрсеткішінің нақты немесе ағымдағы мәні көрсетіледі.

5) "Нормативтік мәні" деген 5-бағанда бекітілген стандартқа, нормативке сәйкес есептелген қойылған міндет (іс-шара/жоба) көрсеткішінің мәні көрсетіледі.

6) "Қажеттілік" деген 6-бағанда нормативтік және базалық мәндердің айырмашылығы көрсетіледі.

7) 7-11-бағандарында жоспарлы бес жылдық кезеңнің жылдары бөлінісінде қол жеткізуге жоспарланатын нысаналы индикаторлардың, қойылған міндеттер (іс-шаралар /жобалар) көрсеткіштерінің болжамды мәндері көрсетіледі.

21. Инвестициялық жобаларды іске асыру қажет болған жағдайда, мемлекеттік орган Мемлекеттік инвестициялық жобалардың болжамды тізбесін қалаптастырады. Болжамды тізбе мынадай түрде толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда нысаналы индикаторлардың және инвестициялық жобалардың өтпелі реттік нөмірлері көрсетіледі.

2) "Атауы" деген 2-бағанда нысаналы индикаторлардың және ҚР Ұлттық қоры, республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын нысаналы индикаторларды және (болған жағдайда) жергілікті инвестициялық жобаларды орындау үшін іске асыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың атауы көрсетіледі.

"күтілетін нәтиже" деген жол бойынша күтілетін әлеуметтік-экономикалық нәтиженің (әсердің) атауы сандық мәнде көрсетіледі (мысалы, жолдың ұзындығы).

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда нысаналы индикаторлар мәндерінің, инвестициялық жобаларды қажыландырудың күтілетін нәтижелері мен көлемдерінің өлшем бірліктері миллион теңгемен көрсетіледі.

4) "Жалпы нәтиже/жобаның жалпы құны" деген 4-бағанда:

"күтілетін нәтиже" деген жол бойынша бекітілген құжаттамаға сәйкес инвестициялық жобаны іске асырудан күтілетін әлеуметтік-экономикалық нәтиженің қорытынды мәні немесе инвестициялық жобаға бастамашылық жасаған жағдайда, инвестициялық жобаны іске асыру кезінде күтілетін әлеуметтік-экономикалық нәтиженің болжамды жалпы мәні көрсетіледі.

"шығыстар, оның ішінде есебінен:" деген жол бойынша құжаттамаға сәйкес инвестициялық жобаның жалпы құны көрсетіледі, "республикалық бюджет", "жергілікті бюджет", "ҚР Ұлттық қоры" және "басқа көздерден" деген жолдар бойынша аталған қаржыландыру көздері бөлінісіндегі қаражат көлемі көрсетіледі.

Басқа да қаржыландыру көздері ретінде жеке инвестициялар, ұйымдардың меншікті қаражаты, т.б. көрсетілуі мүмкін.

5) "Есептік кезеңдегі факт" деген 5-бағанда инвестициялық жобаны іске асыру/ қаржыландыру басталғаннан бастап бір жылға дейінгі және ағымдағы жылдың

алдындағы кезеңге нақты алынған әлеуметтік-экономикалық нәтижелер мен бөлінген/игерілген қаражаттың жиынтығы толтырылады.

6) "Ағымдағы жылғы жоспар" деген 6-бағанда нысаналы нәтиженің, әлеуметтік-экономикалық нәтиженің және ағымдағы жылы инвестициялық жоба шығыстарының, жоспарлы мәні көрсетіледі.

7) "Болжам" деген негізгі бағаның 7-11-бағандарында нысаналы индикаторлардың, инвестициялық жобалардың әлеуметтік-экономикалық нәтижелерінің болжамды мәндері және жоспарлы кезеңдегі жылдар бөлінісіндегі қажетті шығыстардың көлемдері көрсетіледі.

8) "Қалған қажеттілік" деген 12-бағанда құжаттамаға сәйкес жалпы қажеттілік пен барлық көздер есебінен бес жылдық кезеңде іске асыруға нақты бөлінген, жоспарланған және болжанатын қаражат арасындағы әлеуметтік-экономикалық нәтиженің сандық мәні және іске асыру үшін қажетті инвестициялық жобаның шығыстар сомасы көрсетіледі.

9) "Жұмыс орындарын құру" деген 13-14-бағандарында тиісінше әрбір нақты инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша және тұрақты жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

10) "Жобаға құжаттама бойынша ақпарат" деген 15-бағанда әрбір инвестициялық жоба бойынша мәтіндік режимде құжаттаманың бар/жоғы туралы ақпарат көрсетіледі.

Жалғасып жатқан инвестициялық жобалар бойынша "Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығына сәйкес қолда бар құжаттаманың толық тізбесі (инвестициялық ұсыныс, экономикалық сараптаманың қорытындысы, жобалау-сметалық құжаттама, салалық және (немесе) мемлекеттік сараптаманың қорытындысы және т. б.) көрсетіледі.

Жаңа инвестициялық жобалар бойынша толтыру талап етілмейді.

11) "Нысаналы индикатор" деген жолда бойынша 4, 5, 12-15-бағандар толтырылмайды.

12) "Өңір" деген жолды инвестициялық жобаның орындалуы жүргізіліп жатқан облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 8-қосымша

Нысан

_____ жылдарға арналған (жоспарлы кезең) _____
_____ (мемлекеттік органның атауы) даму жоспарының жобасын қарау нәтижесі
бойынша қорытынды

1. _____ (мемлекеттік органның атауы) _____ жылдарға арналған (жоспарлы кезең) даму жоспарының жобасын қарау нәтижесі бойынша қорытынды

1) Мақсат қою құжаттарының, МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының, өзге жоспарлау құжаттарының стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкестігі

2) Проблемаларды шешуге және қызмет саласын/аясын одан әрі дамытуға бағытталуына сүйене отырып, бағыттар мен мақсаттарды таңдаудың негізділігі

3) Нысаналы индикаторларды таңдаудың дұрыстығы және оларға қол жеткізу дәрежесі

4) Мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың басымдығы

2. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тұжырымдары мен ұсынымдары

3. Түйіндеме

Мемлекеттік органның даму
жоспарының жобасын қарау
нәтижелері бойынша қорытындыға
қосымша

Мемлекеттік органның даму жоспарының жобасын қарау нәтижелері бойынша қорытындыны толтыруға түсіндірме

1. Қорытындының тақырыбында және 1-тармағында "(мемлекеттік органның атауы)" деген жол бойынша даму жоспарының жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның толық атауы көрсетіледі.

2. Қорытындының тақырыбында және 1-тармағында "(жоспарлы кезең)" деген жол бойынша мемлекеттік органның даму жоспарын іске асырудың бесжылдық жоспарлы кезеңі көрсетіледі.

3. 1) тармақшада даму жоспары жобасының мақсаттары мен нысаналы индикаторларының стратегиялық мақсаттар мен мақсат қою құжаттарының, МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының, өзге жоспарлау құжаттарының міндеттеріне, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

№	Атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Көрсеткіш / қаржыландыру көлемі			Қ о л жеткізу/ орындау игеру туралы ақпарат (к о л жеткізбеу / орындамау / игермеу себептерімен)
						Жоспар	Факт	Қ о л жеткізу / орындау / игеру	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы									

1-бағыт									
	1-түйінді ұлттық индикато р (стратегия лы қ индикато р)								
Мақсат									
	1 - нысанал ы индикато р								
	Іс-шарал ар / жобалар		нәтиже						
			сомасы						
	Қаржылы қ ресурста р								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша								
	Құрылға н жұмыс орындар ының саны								
	2 - нысанал ы индикато р								
	Іс-шарал ар / жобалар		нәтиже						
			сомасы						
	Қаржылы қ ресурста р								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша								

[illegible]

	Іс-шарал а р / жобалар		нәтиже						
			сомасы						
	Қаржылы қ ресурста р								
	оның ішінде қаржыла ндыру өздері бойынша								
	Құрылға н жұмыс орындар ының саны								
	ҰДЖ іске асырылу ы н а қаржылы қ ресурста рының ЖИЫНТ ЫҒЫ								
	оның ішінде қаржыла ндыру өздері бойынша								
Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы									
1-бағыт									
	1 - нысанал ы индикато р / көрсеткі ш								
	Мақсат								
	1 - нысанал ы индикато р								
	Іс-шарал а р /		нәтиже						

	жобалар..		сомасы						
	Қаржылы қ ресурста р								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша								
	Құрылға н жұмыс орындар ының саны								
	2 - нысанал ы индикато р								
	Іс-шарал а р /		нәтиже						
	жобалар.. .		сомасы						
	Қаржылы қ ресурста р								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша								
	Құрылға н жұмыс орындар ының саны								
	п-нысана л ы индикато р / көрсеткі ші								
	Мақсат								
	п-нысана л ы								

	индикаторы								
	Іс-шаралар / жобалар..		нәтиже						
			сомасы						
	Қаржылық ресурстар								
	оның ішінде қаржыландыру еөздері бойынша								
	Құрылған жұмыс орындарының саны								
п-бағыты									
	п-нысаналы индикатор / көрсеткіші								
	Мақсат								
	п-нысаналы индикаторы								
	Іс-шаралар / жобалар..		нәтиже						
			сомасы						
	Қаржылық ресурстар								
	оның ішінде қаржыландыру еөздері бойынша								
	Құрылған жұмыс								

	орындар ының саны								
	п-нысана л ы индикато р / көрсеткі ші								
	ҰҚС іске асырылу ы н а қаржылы қ ресурста рының ЖИЫНТ ЫҒЫ								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша ...								

Жоспарлаудың өзге құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсетуді іске асыру

п-бағыты

	Мақсат								
	п-нысана л ы индикато ры								
	Іс-шарал а р / жобалар.. .		көрсеткі ш						
			сомасы						
	Қаржылы қ ресурста р								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша ...								
	Құрылға н жұмыс орындар								

	ының саны								
	Жоспарл аудың өзге құжаттар ы н , функциял арды іске асырылу ы н а қаржылы қ ресурста рының ЖИЫНТ ЫҒЫ								
	оның ішінде қаржыла ндыру еөздері бойынша								
ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАР ЖИЫНЫ									
оның ішінде қаржыландыру еөздері бойынша...									
Құрылған жұмыс орындарының жиынтық саны									

2. Талдамалық жазба

Бірінші басшы _____ қолы, тегі,
аты-жөні

Мемлекеттік органның даму
жоспарының іске асырылуы туралы
есебіне қосымша

Мемлекеттік органның даму жоспарының іске асырылуы туралы есебін толтыру бойынша түсіндірмелер

Мемлекеттік органның даму жоспарын іске асыру туралы есебі мынадай тәртіппен толтырылады.

1. "(мемлекеттік органның атауы)" деген жолда даму жоспарын әзірлеуші мемлекеттік органның толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда даму жоспары әзірленген жоспарлы бесжылдық кезең көрсетіледі.

3. "бекітілген" деген жолда мемлекеттік органның даму жоспары бекітілген құжаттың деректемелері көрсетіледі: бұйрықтың атауы, нөмірі және бекітілген күні.

4. "Есеп беру кезеңі:" деген жолда даму жоспары әзірленген жоспарлы бес жылдық кезеңнің есептік жылы көрсетіледі.

5. "Нысаналы индикаторларға қол жеткізу және іс-шараларды/ жобаларды орындау" бөлімі МЖЖ жоғары тұрған құжаттарың (Ұлттық жоспарының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының) және жоспарлаудың, мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің өзге де құжаттарын іске асыруға бағытталған блоктарға бөлінген.

"Ұлттық жоспарын іске асырылуы" және "Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы" деген блоктарын толтыру түйінді ұлттық индикаторлардың, стратегиялық мақсаттардың, Ұлттық жоспарының міндеттерінің және (немесе) стратегиялық мақсаттарының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының міндеттері мен көрсеткіштерінің декомпозициясына негізделе отырып, жүзеге асырылады.

"Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру" бөлімі қағаз жеткізгіште ҚБПУ форматында немесе құпиялылық мәртебесіне байланысты құпия түрде толтырылады.

"Жоспарлаудың өзге құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсетуді іске асыру" блогы жоспарлаудың өзге құжаттарының (тұжырымдамалардың, стратегиялардың (доктриналардың), ұлттық жобалардың, кешенді жоспарлардың, жол карталарының) мақсаттары мен көрсеткіштеріне, күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған, сондай-ақ заңнамалық тұрғыдан белгіленген функциялар мен өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетуге негізделген нысаналы индикаторларды толтыруды көздейді.

6. Бөлім мынадай жолмен толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмір көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық индикаторларының) атауы, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштері, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер, іс-шаралар / жобалар жолдарына байланысты көрсетіледі;

3) "Ақпарат көзі" деген 3-бағанда есептік кезеңдегі нысаналы индикатордың, іс-шараның/жобаның мәндерінде куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі;

4) "Өлшем бірлігі" деген 4-бағанда нысаналы индикатордың, іс-шара / жобаның өлшем бірліктері көрсетіледі;

5) "Орындау мерзімі" деген 5- және "Аяқтау нысаны" деген 6-бағандарда жоспарланған іс-шараны / жобаны орындаудың нақты мерзімдері мен нысандарын енгізу жолымен "Іс-шаралар / жобалар" жолдары бойынша толтырылады;

6) 7-"Жоспар", 8-"Факт", 9-"Қол жеткізу / орындау / игеру үлесі" деген бағандарда Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының (стратегиялық

индикаторларының), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторлар мен нәтижелердің жоспарлы және нақты мәндері, жоспарланған іс-шаралар / жобалар бөлінісінде қаржыландыру көлемі миллион теңгеде, сондай-ақ оларға нақты қол жеткізу / орындау үлесі пайызда көрсетіледі;

7) "Қол жеткізу / орындау / игеру туралы ақпарат (қол жеткізбеу / орындамау / игермеу себептерімен)" деген 10-бағанында Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларына/ стратегиялық (стратегиялық индикаторларына), Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштеріне, нысаналы индикаторлар мен нәтижелерге қол жеткізу, іс-шараларды / жобаларды іске асыру барысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат көрсетіледі.

Орындамаған, ішінара орындаған кезде орындауды бұзу тәуекелдерін болдырмау және (немесе) азайту жөніндегі мемлекеттік орган қабылдаған шараларды көрсете отырып, жоспарланған іс-шараларды орындамау / қаржы қаражатын игермеу себептері көрсетіледі.

8) "Қаржылық ресурстар" деген жолдарда мемлекеттік органның нысаналы индикаторлары бөлінісінде мемлекеттік органның шығыстары бойынша жиынтық деректер келтіріледі;

9) "оның ішінде қаржыландыру көздері бойынша" деген жолдарда қаржыландыру көздері бойынша (РБ, ЖБ, БТК) қаржылық көлемі көрсетіледі;

10) "Қаржылық ресурстар жиыны" деген жолдарда даму жоспары бойынша және блоктар бойынша мемлекеттік органның жоспарланған және нақты бюджетінің жиынтық көлемі көрсетіледі.

7. "Аналитикалық жазба" деген бөлімде:

орындамаудың немесе ішінара орындаудың негізгі себептерін көрсете отырып, белгіленген нысаналы индикаторларға, және болған жағдайда, міндеттер нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізудің, жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың нақты орындалуының жалпы динамикасы туралы;

проблемаларды шешудің және мақсаттарға қол жеткізудің, даму жоспарын іске асырудың елдің, жетекшілік ететін саланың / қызмет саласының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерінің дәрежесі туралы;

белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің өңірдегі, елдегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайға әсері туралы;

игілік алушылардың қанағаттану деңгейі (болған жағдайда), оның ішінде жоспарланғаннан ұсынылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нақты көлемінің деңгейі туралы;

жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, қоғамдық мониторинг туралы мәліметтер;

қорытындылар мен ұсыныстар, оның ішінде құжатты түзету, қаржыландыру көлемі, қолданыстағы заңнаманы өзгерту туралы ақпарат көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 10-қосымша

Нысан

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы) _____ жылдарға арналған даму жоспары (жоспарлы кезең)

1-бөлім. Паспорт

2-бөлім. Аумақты дамыту пайымы

3-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

4-бөлім. Негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және ресурстар

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

Қаржы лық ресурст ардың жалпы көлемі			млн теңге							
оның ішінде: нысана л ы индика торлар және нәтиже лер көрсетк іштерім е н қамтыл маған қаржыл ы қ ресурст ар			млн теңге							

5-бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Бірнеше өңірлер және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілері ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде қол жеткізуді қамтамасыз ететін және бюджет қаражатына тәуелді нысаналы индикаторлар

№	Нысаналы индикаторлар/ іс-шаралардың атауы	Өзара іс-қимыл көзделетін мемлекеттік органдар	Өзара іс-қимыл сипаттамасы
1	2	3	4
Ұлттық даму жоспарын іске асыру			
1.	Түйінді ұлттық индикатор		
1.1.	Нысаналы индикатор		
1.1.1.	Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)		
1.1.1.1	Іс-шара		
Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру			
1.	Нысаналы индикатор / көрсеткіш		
1.1.	Нысаналы индикатор		
1.1.1.	Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)		
1.1.1.1	Іс-шара		

Жоспарлаудың өзге құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсетуді іске асыру

1.	Нысаналы индикатор		
1.1.	Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)		
1.1.1.	Іс-шара		
1.1.1.1	Іс-шара		

Қол жеткізуі ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде бірнеше өңірлердің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне байланысты және бюджет қаражатына тәуелді емес макроиндикаторлар

№	Н ы с а н а л ы индикаторлардың/ іс-шаралардың атауы	Өзара іс-қимыл көзделетін мемлекеттік органдар	Өзара іс-қимыл сипаттамасы
1	2	3	4

Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы

1.	Түйінді ұлттық индикатор		
1.1.	Нысаналы индикатор		
1.1.1.	Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)		
1.1.1.1	Іс-шара		

Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы

1.	Нысаналы индикатор/ көрсеткіш		
1.1.	Нысаналы индикатор		
1.1.1.	Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)		
1.1.1.1	Іс-шара		

Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсетуді іске асырылуы

1.	Нысаналы индикатор		
1.1.	Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)		
1.1.1.	Іс-шара		
1.1.1.1	Іс-шара		

_____ әкімі _____ (облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы) (қолы, тегі, аты-жөні)

Облыстың, республикалық маңызы бар
қаланың, астананың
даму жоспарына қосымша

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын толтыру бойынша түсініктемелер

1. "(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы)" деген жолда өңірдің толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда даму жоспары әзірленетін бесжылдық кезең көрсетіледі.

3. "Паспорт" деген 1-бөлімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының:

1) атауын;

2) осы өңірдің негізгі сипаттамаларын;

3) бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштерін (болған жағдайда);

4) қажетті ресурстарын қамтитын негізгі параметрлері баяндалады.

4. "Аумақты дамыту пайымы" деген 2-бөлімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру нәтижесінде өңірдің перспективалық жай-күйі сипатталады.

5. "Ағымдағы жағдайды талдау" деген 3-бөлімде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ағымдағы дамуы, негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы, сондай-ақ өңірдің бәсекелестік артықшылықтары мен мүмкіндіктері сипатталған.

Осы бөлімнің көлемі құжаттың жалпы көлемінің 30%-ынан аспауға тиіс.

6. "Бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) мен ресурстар" деген 4-бөлімі Ұлттық жоспарды, Ұлттық қауіпсіздік стратегияны және жоспарлаудың өзге де құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асыруға бағытталған блоктарға бөле отырып, кестелік түрде толтырылады.

"Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы" деген блогында толтыру түйінді ұлттық индикаторлардың, стратегиялық мақсаттардың, ұлттық даму жоспарының міндеттерінің негізінде жүзеге асырылады.

"Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы" деген блогында қағаз жеткізгіште ҚБП форматында немесе құпиялылық мәртебесіне байланысты құпия түрде толтырылады.

"Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсетуді іске асырылуы" деген блогында жоспарлаудың өзге құжаттарының (тұжырымдамалардың, стратегиялардың (доктриналардың), ұлттық жобалардың, кешенді жоспарлардың, жол карталарының) мақсаттары мен көрсеткіштеріне, күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған, сондай-ақ заңнамалық тұрғыдан белгіленген функциялар мен өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетуге негізделген нысаналы индикаторларды толтыруды көздейді.

7. 4-бөлімді толтыру мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) "Бағыт", "Мақсат" деген жолдарда мәтіндік форматта өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағыттары мен мақсаттары көрсетіледі;

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары жоспарлы кезеңнің соңына қарай аумақты дамытудың белгілі бір бағытының жай-күйін, оны дамытудың сапалық бағдарларын білдіреді.

2) "№" деген 1-бағанда Ұлттық жоспардың түпкілікті ұлттық индикаторларының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторының/ көрсеткішінің, даму жоспары мақсаттарының, нысаналы индикаторларының өтпелі реттік нөмірлері көрсетіледі.

3) "Атауы" деген 2-бағанда "Түйінді ұлттық индикатор", "Нысаналы индикатор / Көрсеткіш", "Нысаналы индикатор" деген жолдары бойынша тиісінше Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторлардың/көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторлардың атаулары көрсетіледі;

Өңірлер бөлінісінде тиісті декомпозицияда деректер болмаған жағдайда 1 және 2 бөлімдерде мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері толтырылуға жатпайды.

Түйінді ұлттық индикаторлар Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторларының картасынан, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторлар / көрсеткіштері бекітілген Ұлттық қауіпсіздік Стратегиясынан көшіріледі

Нысаналы индикаторлар мемлекеттік органның қызметіне байланысты мақсатқа қол жеткізуді ашады.

Нысаналы индикаторлар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келеді:

саны бойынша минималды болып табылады және мақсатқа жетуді ашады;

жоғары тұрған құжаттардың көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған;

игілік алушылардың қажеттіліктеріне бағытталған (игілік алушылардың қандай да бір санаттарының жай-күйін жақсартуды көрсетеді);

жоспарланған кезеңдегі серпінде салыстыру мүмкін;

пайдаланушылар үшін түсінікті;

олардың жетістіктерін бағалау үшін жеткілікті ақпараттық және техникалық ресурстар бар;

қол жетімді және өлшенетін;

мониторинг жүргізу және оларға қол жеткізуді бағалау үшін аралық мәндері бар.

4) "Жауапты тұлғалар" деген 3-бағанда нысаналы индикаторға қол жеткізуге жауапты адамның облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі орынбасарының деңгейінде тегі, аты-жөні және лауазымы көрсетіледі;

5) "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда нысаналы индикаторлардың мәндерін куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі;

6) "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда түйінді ұлттық индикаторлардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы нысаналы индикаторлардың/көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторлардың өлшем бірліктері көрсетіледі.

"Қаржылық ресурстар", "ҰДЖ іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Өзге жоспарлау құжаттарды және функцияларды іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Қаржылық ресурстардың жалпы көлемі", "оның ішінде: нысаналы индикаторлар және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржылық ресурстар" деген жолдарда қаржыландыру көлемі миллион теңгеде (млн теңге) көрсетіледі;

7) "Есепті жыл" және "Ағымдағы жылдың жоспары (факт)" деген 6-бағандарда жоғары тұрған құжаттардың нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерінің мәндері (болған жағдайда) көрсетіледі;

Даму жоспарын әзірлеу кезінде 6-бағанда есепті деректер, 7-бағанда ағымдағы кезеңнің жоспарлы мәндері көрсетіледі, Әдістемеде белгіленген жағдайларды даму жоспарларын түзету кезінде 7-бағанында ағымдағы кезеңнің нақты мәні көрсетіледі.

8) "Жоспарлы кезең" деген негізгі бағының 8-12-бағандарда жоспарлы кезеңде жылдар бойынша қол жеткізуге жоспарланатын нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің болжамды мәндері көрсетіледі;

9) "Қаржылық ресурстар", "ҰДЖ іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "ҰҚС іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Өзге құжаттарды және функцияларды іске асыруға қаржылық ресурстардың жиыны", "Қаржылық ресурстардың жалпы көлемі" деген жолдарда даму жоспарының мақсаттары бөлінісінде жылдар бойынша бюджеттік шығыстар жиынтығы түріндегі деректер келтіріледі;

"оның ішінде: нысаналы индикаторлар және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржылық ресурстар" деген жол бойынша 001 бюджеттік бағдарлама шеңберінде жоспарлы кезеңге бөлінген, жоспарланған және болжанатын мемлекеттік органның қаражатының көлемі көрсетіледі.

9. "Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" 5-бөлімі "Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы", "Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы", "Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асыру" блоктарға бөлінген, және мынадай жолмен толтырылады:

1) кестелердің "№" деген бағанында Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларын, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторларын/көрсеткіштерін және мемлекеттік органның нөмірлеуіне қатысты МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының декомпозицияланатын көрсеткіштерінің және нысаналы индикаторлардың, іс-шаралардың, жобалардың өтпелі реттік нөмірлері көрсетіледі;

2) "Нысаналы индикаторлар/іс-шаралардың атауы" деген бағанда блогына байланысты Ұлттық жоспардың түйінді ұлттық индикаторлары, Ұлттық қауіпсіздік

4) "Өзара іс-қимылды сипаттау" деген бағанда өңірдің даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған өзара іс-қимыл тәсілдері көрсетіледі.

Нысан

_____ (облыстың,
республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы) _____
жылдарға арналған инвестициялық жоспары (жоспарлы кезең)

№	Атауы	Жауапты орындаушы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Аяқталу нысаны	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары (факт)	Жоспарлы кезең					Қаржыландыру көзі	ББ. КББ коды	Жобаны іске асырудан күтілетін нәтиже, о.і құрылған (тұрақты/уақытша) жұмыс орындарының саны
								1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл			

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

Инвестициялық жоспарға қосымша: Басым және проблемалық аймақтар картасы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Бастапқы мән			Жоспарлы кезең				
			барлығы	қажеттілік	қанағаттану, %	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы										
Түйінді ұлттық индикатор										
Нысаналы индикатор/нәтиже көрсеткіші										
	Облыс бойынша									
	n-ауданы/ n-облыстық маңызы бар қала									
Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы (құпия, ҚБП)										
Көрсеткіш										
Нысаналы индикатор/нәтиже көрсеткіші										
	Облыс бойынша									
	n-ауданы/ n-облыстық маңызы бар қала									
Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асырылуы										
Мақсат										
Нысаналы индикатор/нәтиже көрсеткіші										
	Облыс бойынша									
	n-ауданы/ n-облыстық маңызы бар қала									

_____ әкімі _____ (өңірдің
атауы) (қолы, тегі, аты-жөні)

Облыстың, республикалық
маңызы бар қаланың, астананың
инвестициялық жоспарына қосымша

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялық жоспарды толтыру бойынша түсіндірме

1. "(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы)" деген жолда өңірдің толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда инвестициялық даму жоспары әзірленетін бес жылдық кезең көрсетіледі.

3. Инвестициялық жоспар Ұлттық жоспары, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы және өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асыруға бағытталған блоктарға бөле отырып, кестелік түрде толтырылады.

"Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы" деген 1-блогында толтыру Ұлттық даму жоспарының негізгі ұлттық индикаторлардың, стратегиялық мақсаттардың, міндеттерінің негізінде жүзеге асырылады.

"Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы" деген 2-блогында қағаз жеткізгіште ҚБП форматында немесе құпиялылық мәртебесіне байланысты құпия түрде толтырылады.

"Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсетуді іске асырылуы" деген 3-блогында өзге жоспарлау құжаттарының (тұжырымдамалардың, стратегиялардың (доктриналардың), ұлттық жобалардың, кешенді жоспарлардың, жол карталарының) мақсаттары мен көрсеткіштеріне, күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған, сондай-ақ заңнамалық тұрғыдан белгіленген функциялар мен өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетуге негізделген нысаналы индикаторларды толтыруды көздейді.

4. "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі;

5. "Атауы" деген 2-бағанда жолдарға байланысты Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштерінің атаулары, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар / жобалар келтіріледі;

Даму жоспарында деректер болмаған жағдайда 1 және 2 блоктарында мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері толтырылуға жатпайды.

6. "Жауапты орындаушылар" деген 3-бағанда жауапты лауазымды адамның тегі мен аты-жөні көрсетіледі: нысаналы индикаторлар бойынша – әкімдер орынбасарлары деңгейінде, іс-шаралар / жобалар бойынша – жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі, ведомстволық бағынысты ұйым, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының деңгейінде;

7. "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда есепті кезеңде индикатордың мәндерін куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі;

8. "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының мәндерін, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштерін, нысаналы индикаторларды, іс-шараларды / жобаларды өлшеу бірліктері көрсетіледі;

"Іс-шара / жоба" жолдары бойынша іс-шараларды / жобаларды іске асырудан күтілетін нәтиже түрінде және қаржыландырудың қажетті көлемінің сомасы түрінде миллион теңгемен өлшем бірлігі көрсетіледі.

9. "Аяқтау нысаны" деген 6-бағанда "Іс-шаралар / жобалар" жолдары бойынша жоспарланған іс-шараны / жобаны орындау нысаны (іс-шараның аяқталуы не де көрсетілетінін ашатын іс-шараның сапалық сипаттамасы) көрсетіледі.

10. "Есепті жыл" деген 7- және "ағымдағы жылдың жоспары (факт)" деген 8-бағандарында тиісінше есепті деректер және іс-шаралардың / жобалардың нысаналы индикаторларының ағымдағы кезеңінің жоспарлы мәндері көрсетіледі;

Іс-шаралар / жобалар бойынша есепті және жоспарлы мәндер қаржыландыру нәтижесі мен сомасының мәндері бөлінісінде көрсетіледі.

Инвестициялық жоспарды әзірлеу кезінде 7-бағанда есепті деректер, 8-бағанда ағымдағы кезеңнің жоспарлы мәндері көрсетіледі, инвестициялық жоспарды түзету кезінде осы Әдістемеде белгіленген жағдайларда 8-бағанда ағымдағы кезеңнің нақты мәні көрсетіледі.

11. "Жоспарлы кезең" деген негізгі бағандың 9-13-бағандарда нысаналы индикаторлардың, іс-шаралар/жобалар нәтижелерінің болжамды сандық мәндері көрсетіледі.

Қаржыландыруды талап ететін іс-шаралар үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асырудың әрбір жылы бөлінісінде болжамды сомалар миллион теңгемен, заттай мәнде өлшенетін іс-шаралар үшін олардың сандық мәндері көрсетіледі.

12. "Іс-шара/жоба" деген жол бойынша "Қаржыландыру көзі" деген 14-бағанда болжанатын шығындарды қаржыландыру көздері (ұлттық қор, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік қарыздар, басқа көздер, оның ішінде мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ұйымдардың меншікті қаражаты) көрсетіледі.

13. "ББ (КББ) коды" деген 15-бағанда әрбір іс-шараға / жобаға қарама-қарсы мемлекеттік органның нысаналы индикаторларына қол жеткізу қамтамасыз етілетін Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды көрсетіледі.

14. "Жобаны іске асырудан күтілетін нәтиже, оның ішінде құрылған жұмыс орындарының (тұрақты/уақытша) саны" деген 16-бағанда іс-шараларды/жобаларды,

оның ішінде құрылған жұмыс орындарын (тұрақты/уақытша) іске асырудан күтілетін нәтиже сипатталады.

15. "Қаржылық ресурстардың жиыны, оның ішінде: және "ҰҚ-дан", "РБ-дан", "ЖБ-дан", "БК-дан" деген жолдарда даму жоспарында белгіленген мақсаттар бойынша бөліністе жылдар бойынша бюджеттік шығыстар жиынтығы түріндегі деректер көрсетіледі;

16. "Қаржылық ресурстардың жиынтығы" деген жолда жергілікті атқарушы орган бюджетінің жиынтық көлемі көрсетіледі.

"оның ішінде нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржылық ресурстар" жолы бойынша 001 бюджеттік бағдарламаның жоспарлы кезеңге бөлінген, жоспарланған және болжанатын мемлекеттік орган қаражатының көлемі көрсетіледі.

Елді мекендер үшін бекітілген ең төменгі стандарттар және (немесе) өңірлік стандарттар жүйесі болмаған жағдайда облыс аудандары (облыстық маңызы бар қалалар) және қаладағы аудандар бөлінісінде басым және проблемалық аймақтардың картасындағы қажеттілікті айқындауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы басымдықпен бөлу қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Қамтамасыз етілу деңгейі төмен облыс аудандары (облыстық маңызы бар қалалар) мен қаладағы аудандар үшін қажеттіліктің өсуінің ең жоғары көлемі айқындалады. Қажеттілікті асырып жіберген және (немесе) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша орташа деңгейден жоғары көрсеткіштері бар облыс аудандары (облыстық маңызы бар қалалар) және қаладағы аудандар үшін қажеттіліктің өсуінің ең төменгі көлемі айқындалады.

17. Басым және проблемалық аймақтардың картасы аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісінде іс-шараларды / жобаларды бөлуді көздейді және мынадай түрде толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмір көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) толық атауы көрсетіледі;

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері мәндерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

4) "Жиыны" деген 4-бағанда тиісті инфрақұрылымның, көрсетілетін қызметтің немесе ресурстың жиынтық көлемі;

5) "Қажеттілік" деген 5-бағанда индикатордың жиынтық көлемі мен нақты мәні арасындағы сандық алшақтық көрсетіледі. Қажеттілік белгіленген деңгейге жету үшін қосымша қамтамасыз етілуі керек көлемін көрсетеді;

6) "Қанағаттану, %" деген 6-бағанда аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудандар бөлінісінде нақты қамтамасыз етілген жиынтық көлемнің үлесі. Қанағаттану көрсеткіші белгіленген деңгейге жету дәрежесін көрсетеді.

7) "Жоспарлы кезең" деген негізгі бағанның 7-11-бағандарда нысаналы индикаторлардың болжамды сандық мәндері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 12-қосымша

Нысан

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,
астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың атауы) _____
жылдарға арналған (жоспарлы кезең) даму жоспарының жобасын қарау негізінде өңірлік
саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның/облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі
уәкілетті органның қорытындысы

1. Жалпы ережелер

Әзірлеуші:

Даму жоспарын қарау үшін негіз:

Даму жоспарының жобасын қараған өңірлік саясат/мемлекеттік жоспарлау
жөніндегі уәкілетті орган:

Даму жоспарының жобасы өңірлік саясат/мемлекеттік жоспарлау жөніндегі
уәкілетті органға түскен күні:

Даму жоспарының жобасын қарау аяқталған күні:

2. Даму жоспары жобасының жалпы сипаттамасы

1) Даму жоспарының жобасының осы Әдістемесімен белгіленген талаптарына
сәйкестігі;

2) мәселелерді шешуге және өңірдің одан әрі дамуына бағытталуын ескере отырып,
бағыттарды, мақсаттарды және нысаналы индикаторларды таңдаудың негізділігі;

3) Инвестициялық жоспардың басым және проблемалық аймақтар картасына сәйкес
басымдық бойынша рейтингтеу қағидаттарына сәйкестігі.

3. Өңірлік саясат/мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның
қорытындылары мен ұсыныстары.

Облыстың, республикалық маңызы бар
қаланың, астананың, ауданның (
облыстық маңызы бар қаланың) даму

Өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның/облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органының даму жоспарының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытындысын толтыру бойынша түсіндірме

1. Қорытындың тақырыбындағы "(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы)" деген жолда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) толық атауы көрсетіледі.

2. Қорытындың тақырыбындағы "(жоспарлы кезең)" деген жолда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асырудың келесі бесжылдық жоспарлы кезеңі көрсетіледі.

3. 1-тармақта даму жоспарының әзірлеушісі, даму жоспарының жобасын қараған өңірлік саясат / облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган, өңірлік саясат/ облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган даму жоспарының жобасын алған күні және даму жоспарының жобасын қарау аяқталған күні туралы ақпарат көрсетіледі.

4. 2-тармақта даму жоспары жобасының осы Әдістеменің талаптарына сәйкестігі, мәселелерді шешуге және өңірдің одан әрі дамуына бағытталуын ескере отырып, бағыттарды, мақсаттарды және нысаналы индикаторларды таңдаудың негізділігі, Инвестициялық жоспардың басым және проблемалық аймақтар картасына сәйкес басымдық дәрежесі бойынша саралау қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

5. Нысанның 3-тармағында өңірлік саясат/ облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының жобасына қорытындылары мен ұсыныстары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 13-қосымша

_____ бекітілген _____
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлердің атауы) _____
_____ жылдарға арналған (жоспарлы кезең) даму жоспарын іске асыру жөніндегі есебі

Есеп кезеңі:

1. Нысаналы индикаторларға, нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізу және іс-шараларды/жобаларды орындау

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

индика торлар мен және нәтиже лер көсетк іштерім е н қамтыл маған қаржыл ы қ ресурст ар									
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2. Аналитикалық жазба

_____ әкімі _____ (өңірдің
атауы) (қолы, тегі, аты-жөні)

Облыстың, республикалық маңызы бар
қаланың,
астананың даму жоспарын іске асыру
туралы
есепке қосымша

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есепті толтыру бойынша түсіндірме

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есеп мынадай тәртіппен толтырылады:

1. "(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы)" деген жолда өңірдің толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда даму жоспары әзірленген бес жылдық жоспарлы кезең көрсетіледі.

3. "бекітілген" деген жолда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары бекітілген құжаттың деректемелері көрсетіледі: актінің атауы, нөмірі және бекітілген күні.

4. "Есеп кезеңі" деген жолда даму жоспары әзірленген жоспарлы бес жылдық кезеңнің есепті жылы көрсетіледі.

5. "Нысаналы индикаторларға қол жеткізу, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және іс-шараларды/жобаларды орындау" деген бөлімі Ұлттық жоспарын, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын және өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асыруға бағытталған блоктарға бөлінген.

"Ұлттық даму жоспарын іске асырылуы" деген блогында толтыру түйінді ұлттық индикаторлардың декомпозициясына, стратегиялық мақсаттардың, ұлттық даму жоспарының міндеттеріне ескеріле отырып жүзеге асырылады.

"Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асырылуы" деген блогы қағаз жеткізгіште ҚБП форматында немесе құпиялылық мәртебесіне байланысты құпия түрде толтырылады.

"Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асырылуы" деген блогы мақсаттар мен көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған нысаналы индикаторларды, өзге де жоспарлау құжаттарының (тұжырымдамалардың, стратегиялардың (доктриналардың), ұлттық жобалардың, кешенді жоспарлардың, жол карталарының) күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ заңнамалық тұрғыдан бекітілген функциялар мен өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге негізделген нысаналы индикаторларды толтыруды көздейді.

6. Бөлімдер мынадай жолмен толтырылады:

1) даму жоспары бойынша "Бағыт" деген жолында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары көрсетіледі;

2) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі;

3) "Атауы" деген 2-бағанда жолдарына қарай Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының нысаналы индикаторлары / көрсеткіштері, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) іс-шаралары / жобалары атауы көрсетіледі.

"Түйінді ұлттық индикатор" деген жолдарда даму жоспарына сәйкес келетін түйінді ұлттық индикаторлардың атаулары көрсетіледі.

"Нысаналы индикатор" деген жолдарда даму жоспарының тиісті мақсаттарының нысаналы индикаторларының атаулары көрсетіледі.

"Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)" деген жолдарда даму жоспарының тиісті мақсаттарының нәтиже көрсеткіштерінің атаулары көрсетіледі.

"Іс-шара/жоба" деген жолдарда Инвестициялық жоспарға сәйкес келетін іс-шаралар /жобалар көрсетіледі.

"Құрылған жұмыс орындарының саны (тұрақты/уақытша)" деген жолдарда Инвестициялық жоспарға сәйкес келетін жұмыс орындары көрсетіледі.

4) "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда жауапты лауазымды адамның тегі мен аты-жөні көрсетіледі: нысаналы индикаторлар бойынша – әкімдердің орынбасарлары деңгейінде, іс-шаралар / жобалар бойынша – жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі, ведомстволық бағынысты ұйым, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының деңгейінде;

5) "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда есепті кезеңдегі нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткіштерінің (болған жағдайда), іс-шараның/жобаның мәндерін куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі;

6) "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткіштерінің (болған жағдайда) және (немесе) іс-шаралардың / жобалардың өлшем бірліктері көрсетіледі;

7) "Орындау мерзімі" деген 6- және "Аяқтау нысаны" деген 7-бағандары "Іс-шаралар / жобалар" жолдары бойынша жоспарланатын іс-шараны / жобаны орындаудың нақты мерзімдері мен нысандарын енгізу жолымен толтырылады;

8) "Жоспар" деген 8-, "Факт" деген 9-, "Қол жеткізу / орындау / игеру үлесі" деген 10-бағандарда Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторларының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы нысаналы индикаторлардың / көрсеткіштерінің, нысаналы индикаторлардың жоспарлы және нақты мәндері, жоспарланған іс-шаралар / жобалар бөлінісінде қаржыландыру нәтижелері мен көлемдері миллион теңгемен, сондай-ақ оларға нақты қол жеткізу / орындау үлесі пайызда көрсетіледі;

9) "Қаржыландыру көзі" деген 11-бағанда іс-шараны/жобаны қаржыландыру көзі көрсетіледі;

10) "Қол жеткізу/орындау/игеру туралы ақпарат (қол жеткізбеу/орындамау/игермеу себептерімен)" деген 12-бағанда нысаналы индикаторларға қол жеткізу, нәтиже көрсеткіштері (болған жағдайда), іс-шараларды / жобаларды іске асыру барысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат көрсетіледі.

Орындалмаған, ішінара орындалған жағдайда орындалмау тәуекелдерін болдырмау және (немесе) азайту жөніндегі мемлекеттік орган қабылдаған шараларды көрсете отырып, жоспарланған іс-шараларды орындамау / қаржы қаражатын игермеу себептері көрсетіледі.

Толық аяқталған іс-шаралар орындалған іс-шаралар болып саналады.

Ішінара орындалған іс-шаралар – бұл бір қаржы жылында бөлінген қаражат шеңберінде орындалған ұзақ мерзімді сипаттағы іс-шаралар.

11) "Қаржылық ресурстар" деген жолда өңірді дамыту жоспарының мақсаттары бойынша бөліністе мемлекеттік органның шығыстары бойынша жиынтық деректер келтіріледі.

"оның ішінде нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржы ресурстары" деген жолы бойынша жоспарлы кезеңге 001 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінген, жоспарланған және болжанатын мемлекеттік орган қаражатының көлемі көрсетіледі.

7. "Аналитикалық жазба" бөлімі мынадай ақпараттан тұрады:

орындалмаудың немесе ішінара орындалудың негізгі себептерін көрсете отырып, белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізудің, нәтижелер көрсеткіштерінің (

[illegible]

[illegible]

	ресурстар			млн теңге							
п-бағыты											
	п - түйінді ұлттық индикаторы/ ҰҚС көрсеткіші										
	Максат										
	п-нысаналы индикаторы										
	п - міндеті (болған жағдайда)										
	п - нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)										
	Қаржылық ресурстар			млн теңге							
	ОБЛЫСТЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАР ЖИЫНЫ										
Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асырылуы											
п-бағыты											

лер көрсеткіштері мен қамтыл маған бюджет қаража ты			млн теңге							
--	--	--	--------------	--	--	--	--	--	--	--

әкімі

_____ (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы) (қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

Ауданның (облыстық маңызы
бар қаланың) даму жоспарына
қосымша

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын толтыру бойынша түсіндірме

1. "(ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы)" деген жолда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары әзірленетін бес жылдық кезеңі көрсетіледі.

3. "Паспорт" деген 1-бөлімде мыналарды қамтитын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарларының негізгі параметрлері баяндалады:

1) атауы;

2) осы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) негізгі сипаттамалары;

3) бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда);

4) қажетті ресурстар.

4. "Аумақты дамыту пайымы" деген 2-бөлімде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асыру нәтижесінде ауданның перспективалық жай-күйі сипатталады.

5. "Ағымдағы жағдайды талдау" деген бөлімде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ағымдағы дамуы, негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы, сондай-ақ ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бәсекелестік артықшылықтары мен мүмкіндіктері сипатталады.

Осы бөлімнің көлемі құжаттың жалпы көлемінің 30%-нан аспайды.

6. "Негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) және ресурстар" деген 3-бөлімі облыстың даму жоспарының нысаналы индикаторларға қол жеткізуге, сондай-ақ өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асыруға бағытталған және мынадай тәртіппен толтырылады:

1) "Бағыт", "Мақсат", "Міндет (болған жағдайда)" деген жолдарда мәтіндік форматта ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарының, мақсаттары мен міндеттерінің атауы көрсетіледі.

2) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмір көрсетіледі.

3) "Атауы" деген 2-бағандағы "Түйінді ұлттық индикатор/ҰҚС көрсеткіші", "Нысаналы индикатор", "Нәтиже көрсеткіші (болған жағдайда)" жолдары бойынша Ұлттық жоспарының түйінді ұлттық индикаторлардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштері (болған жағдайда) және оларға қол жеткізуге декомпозицияланған нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) атаулары, сондай-ақ ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мақсаттарына және өңірдің өзге де әлеуметтік-экономикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) атаулары көрсетіледі.

Түйінді ұлттық индикаторлар/ҰҚС көрсеткіші облыстың даму жоспарынан көшіріледі.

1- және 2-блоктарда өңірлер бөлінісінде тиісті декомпозиция бойынша мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері болмаған жағдайда, олар толтырылмайды.

4) "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда нысаналы индикаторға, нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізу деңгейінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі орынбасарының тегі, аты-жөні, сондай ақ іс-шараларды/ жобаларды іске асыру деңгейінде жергілікті атқарушы органдардың басшысы көрсетіледі.

5) "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда есепті кезеңде нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) мәндерін куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі.

6) "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда нысаналы индикаторлардың және нәтижелер көрсеткіштерінің өлшем бірліктері көрсетіледі.

"Қаржылық ресурстар", "Облыстың даму жоспарын іске асыруға арналған қаржылық ресурстардың жиыны", "Өзге жоспарлау құжаттар мен функцияларды іске асыруға арналған қаржылық ресурстардың жиыны" және "Қаржылық ресурстардың жалпы көлемі" жолдарында жиынтық қаржыландыру көлемдері миллион теңгемен (млн теңге) көрсетіледі.

"оның ішінде нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржы ресурстары" деген жолы бойынша жоспарлы кезеңге 001 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінген, жоспарланған және болжанатын мемлекеттік органның қаражатының көлемі көрсетіледі.

7) "Есепті жыл" деген 6 және "Ағымдағы жылдың жоспары (факт)" деген 7-бағандарда нысаналы индикатордың және нәтиже көрсеткіштерінің (болған жағдайда) мәндері көрсетіледі.

Даму жоспарын әзірлеу кезінде 6-бағанда есепті кезеңде қол жеткізілген нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) есепті мәндері, 7-бағанда қол жеткізуі ағымдағы жылға жоспарланатын нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) көрсетіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын түзету кезінде оны іске асырудың бірінші жылында 7-бағандағы нысаналы индикатордың және нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) жоспарлы мәні нысаналы индикатордың және нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) нақты мәніне өзгертіледі.

8) "Жоспарлы кезең" негізгі бағанның 8-12-бағандарда қол жеткізуге жоспарланатын нысаналы индикатордың және нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) болжамды мәндері жылдар бойынша көрсетіледі.

9) "Қаржылық ресурстар" деген жолда жоспарланған мақсаттар, міндеттер (болған жағдайда) бөлінісінде жылдар бойынша бөлінген жергілікті атқарушы органның бюджет шығыстарының жиынтығы түріндегі деректер келтіріледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кезекті жоспарлы кезеңге арналған даму жоспарын әзірлеу кезінде 6-бағанда қаржылық ресурстардың нақты көлемі көрсетіледі, 7-бағанда қаржылық ресурстардың нақтыланған жоспарлы көлемі көрсетіледі.

10) "Қаржылық ресурстардың жиыны" деген жолдарда жергілікті атқарушы орган бюджетінің жиынтық көлемі көрсетіледі.

"оның ішінде нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржы ресурстары" деген жолы бойынша жоспарлы кезеңге 001 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінген, жоспарланған және болжанатын мемлекеттік органның қаражатының көлемі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың, аудандардың
(облыстық маңызы бар
қалалардың) даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру, оларға
мониторинг және түзету жүргізу
әдістемесіне 15-қосымша

Нысан

жылдарға арналған (жоспарлы кезең)

_____ инвестициялық жоспары (ауданның (облыстық маңызы бар

қаланың)

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

әкімі

_____ (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы) (қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

Ауданның (облыстық маңызы
бар қаланың) инвестициялық
жоспарына қосымша

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) инвестициялық жоспарды толтыру бойынша түсіндірме

1. "(ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы)" деген жолда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" деген жолда инвестициялық даму жоспары әзірленетін бес жылдық кезең көрсетіледі.

3. "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі.

4. "Атауы" деген 2-бағанда жолдарға байланысты түйінді ұлттық индикаторлардың / ҰҚС, мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың атаулары, міндеттер, іс-шаралардың / жобалардың нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) келтіріледі.

Даму жоспарында деректер болмаған жағдайда, 2 және 3-бөлімдерде мақсаттар нысаналы индикаторлар, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері толтырылмайды.

5. "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда жауапты лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетіледі: нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда) бойынша – әкімдердің орынбасарлары деңгейінде, іс-шаралар / жобалар бойынша – жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы деңгейінде.

6. "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда есепті кезеңдегі нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің (болған жағдайда) мәндерін куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі.

7. "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда түйінді ұлттық индикаторлар, нысаналы индикаторлар мәндерінің, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда) және іс-шаралар / жобалардың өлшем бірліктері көрсетіледі.

"Іс-шара / жоба" деген жолдар бойынша іс-шаралардың/жобалардың нәтиже және қаржыландырудың қажетті көлемінің миллион теңгемен сомасы түрінде өлшем бірлігі көрсетіледі.

8. "Аяқтау нысаны" деген 6-бағандағы "Іс-шаралар / жобалар" жолдары бойынша жоспарланған іс-шараны / жобаны орындау нысаны көрсетіледі (іс-шараның аяқталуын көрсететін іс-шараның сапалы сипаттамасы).

9. "Есепті жыл" деген 7-және "Ағымдағы жылдың жоспары (факт)" деген 8-бағандарда тиісінше есепті деректер және нысаналы индикаторлардың ағымдағы кезеңінің жоспарлы мәндері, нәтиже көрсеткіштері (болған жағдайда) және іс-шаралар / жобалар көрсетіледі.

Іс-шаралар / жобалар бойынша есепті және жоспарлы мәндер қаржыландыру көрсеткіші мен сомасының мәндері бөлінісінде көрсетіледі.

10. 9-13-бағандарда нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда), іс-шаралар / жобалар көрсеткіштерінің болжамды сандық мәндері көрсетіледі.

Қаржыландыруды талап ететін іс-шаралар үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асырудың әрбір жылы бөлінісінде болжамды сомалар миллион теңгемен, заттай мәнде өлшенетін іс-шаралар үшін олардың сандық мәндері көрсетіледі.

11. "Қаржыландыру көзі" деген 14-бағанда "Іс-шара / жоба" жолы бойынша қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша болжанатын шығындарды қаржыландыру көздері (ұлттық қордың, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік қарыздар, мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе елдердің гранттары кіретін басқа да көздер, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ұйымдардың меншікті қаражаттары) көрсетіледі.

12. "ББ.КББ коды" деген 15-бағанда әрбір іс-шараның / жобаның қарама-қарсы жағында Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес мемлекеттік органның нысаналы индикаторларына қол жеткізу қамтамасыз етілетін бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды көрсетіледі.

13. "Жобаны іске асырудан күтілетін нәтиже, оның ішінде құрылған жұмыс орындарының саны (тұрақты/уақытша)" деген 15-бағанда іс-шараларды / жобаларды, оның ішінде құрылған жұмыс орындарын (тұрақты/уақытша) іске асырудан күтілетін нәтиже сипатталады.

14. "Қаржы ресурстардың жиыны, оның ішінде:" және "ҰҚ-дан", "РБ-дан", "ОБ-дан", "АБ-дан", "БК-дан" деген жолдарда даму жоспарында белгіленген мақсаттар бөлінісінде жылдар бойынша бюджеттік шығыстар жиынтығы түріндегі деректер көрсетіледі.

"оның ішінде нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржы ресурстары" деген жолы бойынша 001 бюджеттік бағдарламасы

[illegible]

[illegible]

[illegible]

	ЖИЫН Ы										
	ҰҚ-дан										
	РБ-дан										
	ОБ-дан										
	АБ-дан										
	БК-дан										
	ҚАРЖ ЫЛАН ДЫРУ ДЫҢ ЖАЛП Ы КӨЛЕ МІ										
	ҰҚ-дан										
	РБ-дан										
	ОБ-дан										
	АБ-дан										
	БК-дан										
	оның ішінде нысана л ы индики каторла рмен және нәтиже көрсетк іштерм е н қамтыл маған қаржыл ы қ ресурст ар (001БП)										
	ҰҚ-дан										
	РБ-дан										
	ОБ-дан										
	АБ-дан										
	БК-дан										

2. Талдамалық жазба

_____әкімі

(ауданның (облыстың маңызы бар қаланың) атауы) (қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

Ауданның (облыстық маңызы
бар қаланың) даму жоспарын
іске асыру туралы есепке
қосымша

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті толтыру бойынша түсіндірме

Даму жоспарын іске асыру туралы есеп мынадай тәртіппен толтырылады:

1. "(ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы)" деген жолында ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) толық атауы көрсетіледі.

2. "(жоспарлы кезең)" жолында даму жоспары әзірленген жоспарлы бес жылдық кезең көрсетіледі.

3. "бекітілген" деген жолдарда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары бекітілген құжаттың деректемелері көрсетіледі: актінің атауы, нөмірі және бекітілген күні.

4. "Есепті кезең" деген жолда даму жоспары әзірленген жоспарлы бес жылдық кезеңнің есепті жылы көрсетіледі.

5. "Нысаналы индикаторларға, нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізу және іс-шараларды / жобаларды іске асыру" бөлімі мынадай жолмен толтырылады:

1) "Бағыты" деген жолда даму жоспары бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары көрсетіледі;

2) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмір көрсетіледі;

3) "Атауы" деген 2-бағанда облыстың негізгі ұлттық индикаторлары, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда), іс-шаралар / жобалар атауының жолдарына байланысты көрсетіледі:

"Түйінді ұлттық индикатор" деген жолда даму жоспарына сәйкес келетін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) түйінді ұлттық индикаторлардың атаулары көрсетіледі;

"Нысаналы индикатор" деген жолда даму жоспарының тиісті мақсаттарына сәйкес келетін нысаналы индикаторлардың атаулары көрсетіледі;

"Нәтижелер көрсеткіштері (болған жағдайда)" жолдарында даму жоспарының тиісті мақсаттарына сәйкес нәтиже көрсеткіштерінің атаулары көрсетіледі;

"Іс-шара / жоба" жолдарында даму жоспарын іске асыру жөніндегі инвестициялық жоспарға сәйкес келетін іс-шаралар / жобалар көрсетіледі;

"Құрылған жұмыс орындарының саны (тұрақты/уақытша)" деген жолдарда Инвестициялық жоспарға сәйкес келетін жұмыс орындары көрсетіледі;

4) "Жауапты орындаушы" деген 3-бағанда жауапты лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетіледі: нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері бойынша – әкімдердің орынбасарлары деңгейінде, іс-шаралар / жобалар бойынша – жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы деңгейінде;

5) "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда есепті кезеңдегі нысаналы индикатордың, нәтиже көрсеткішінің (болған жағдайда) мәндерін куәландыруға мүмкіндік беретін ақпарат көздері көрсетіледі;

6) "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда нысаналы индикаторлардың, нәтиже көрсеткіштерінің (болған жағдайда) және (немесе) іс-шаралар / жобалардың өлшем бірлігі көрсетіледі;

7) "Орындау мерзімі" деген 6 және "Аяқтау нысаны" деген 7-бағандарда жоспарланған іс-шараны / жобаны орындаудың нақты мерзімдері мен нысандарын енгізу жолымен "Іс-шаралар / жобалар" жолдары бойынша толтырылады;

8) "Жоспар" деген 8-, "Факт" деген 9-, "Қол жеткізу / орындау / игеру үлесі (%)" деген 10-бағандарда түйінді ұлттық индикаторлардың, нысаналы индикаторлардың, нәтижелер көрсеткіштерінің (болған жағдайда), тікелей көрсеткіштердің жоспарлы және нақты мәндері, жоспарланған іс-шаралар / жобалар бөлінісінде миллион теңгемен қаржыландыру көлемі, сондай-ақ оларға нақты қол жеткізу / орындау үлесі пайызбен көрсетіледі;

9) "Қаржыландыру көзі" деген 11-бағанда қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша болжанатын шығындарды қаржыландыру көздері (ұлттық қордың, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік қарыздар, мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе елдердің гранттары кіретін басқа да көздер, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ұйымдардың меншікті қаражаттары) көрсетіледі;

10) "Қол жеткізу / орындау / игеру туралы ақпарат (қол жеткізбеу / орындамау/ игермеу себептерімен)" деген 12-бағанда түйінді ұлттық индикаторларға, нысаналы индикаторларға және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу, іс-шараларды / жобаларды іске асыру барысы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Орындалмаған, ішінара орындалған кезде орындалудың бұзылу тәуекелдерін болдырмау және (немесе) азайту жөнінде мемлекеттік орган қабылдаған шараларды көрсете отырып, жоспарланған іс-шаралардың / қаржыны игермеудің себептерін көрсетіледі.

Орындалған іс-шаралар толық аяқталған іс-шаралар болып саналады.

Ішінара орындалған іс-шаралар – бұл бір қаржы жылында бөлінген қаражат шеңберінде орындалған ұзақ мерзімді сипаттағы іс-шаралар.

11) "Қаржылық ресурстар" деген жолда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарының мақсаттары бойынша бөліністе мемлекеттік органның шығыстары бойынша жиынтық деректер келтіріледі.

"оның ішінде нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен қамтылмаған қаржы ресурстары" жолы бойынша 001 бюджеттік бағдарлама шеңберінде жоспарлы кезеңге бөлінген, жоспарланған және болжанатын мемлекеттік органның қаражатының көлемі көрсетіледі.

6. "Аналитикалық жазба" бөлімі мынадай ақпаратты қамтиды:

орындамаудың немесе ішінара орындаудың негізгі себептерін көрсете отырып, белгіленген нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда), жоспарланған іс-шаралардың / жобалардың нақты орындалуына қол жеткізудің жалпы серпіні туралы;

проблемаларды шешу және мақсаттарға қол жеткізу, даму жоспарын іске асырудың елдің, жетекшілік ететін саланың / қызмет саласының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері туралы;

белгіленген нысаналы индикаторларға және нәтижелер көрсеткіштеріне (болған жағдайда) қол жеткізбеудің облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайға әсері туралы;

игілік алушылардың қанағаттану деңгейі (болған жағдайда), оның ішінде жоспарланғаннан ұсынылған мемлекеттік қызметтердің нақты көлемінің деңгейі туралы;

жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, қоғамдық мониторинг туралы мәліметтер.